



ҚАЛДЫҚ СУДАН ҚАЛАЙ ТАЗАРТАМЫЗ?

6-БЕТ | МӘСЕЛЕ



АЛАШТЫ АРДАҚТАУДЫҢ БІР ЖОЛЫ

9-БЕТ | РУХАНИЯТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Біз 2029 жылға қарай экономикамыздың көлемін 450 миллиард долларға жеткізуіміз керек. Яғни, нақты меже бар. Енді тек жұмыс істеу қажет. Бұл – еліміздің жалпы ішкі өнімі жыл сайын кемінде 6 пайызға өсуі керек деген сөз. Сондай-ақ макроэкономикалық көрсеткіштермен қатар халықтың нақты табысы да қарқынды түрде артуы керек. Бұл – өте маңызды міндет. Бір сөзбен айтқанда, бізге, шын мәнінде, сапалы даму қажет. Сондықтан әрбір қадамды жан-жақты, мұқият ойластырып, батыл әрекет ету керек.

№31
(4619)
Бейсенбі
14 наурыз
2024 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



5

КЕЛЕШЕКТИҢ КІЛТІ – ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА

Президенттік жастар кадр резерві – еліміздің дамуына қызмет етемін деп талпынған жастарға мүмкіндік беретін бірегей жоба. Бүгінгі таңда осы жобаға қатысушы жастар көбейіп келеді. Демек, елдің келешегіне елеңдейтін белсенді жастар легі қалыптасуда.



НАУРЫЗ ТОЙЫ КЕЛГЕНДЕ...

Елордада Наурыз мейрамын мерекелеу аясында 200-ге жуық түрлі форматтағы іс-шара ұйымдастырылады.

ЭКСПО халықаралық көрме орталығында отандық және шетелдік қолөнершілердің қатысуымен «Көшпелі өркениет» фестивалі ұйымдастырылады. 21-22 наурызда Орталық алаңда, «Қазақ елі» монументі, «Бәйтерек» монументінің жанындағы алаңда, елордалық саябақ пен ЭКСПО алаңының аумақтарында қазақстандық эстрада жұлдыздарының қатысуымен негізгі мерекелік концерттер болады.

Елорданың 5 ауданында 30-дан аса мерекелік концерттер ұйымдастырылады. 14 наурызда Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясының камералық хоры «Тал бесіктен – Жер бесікке...» атты театрландырылған қойылымын ұсынса, 15 наурызда «Наурыз айы туғанда» мерекелік театрландырылған концерті өтеді. 17 наурызда «Бәйтерек» монументінде жастардың неке қию салтанаты өткізіліп, сыйлы ақсақалдар мен көпбалалы аналар «Наурыз бата» береді.

НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ КЕЗІНДЕ АСТАНАДАН ҚОСЫМША ПОЙЫЗДАР ЖҮРЕДІ

3



ЕЛ НАМЫСЫН ҚОРҒАЙДЫ

Италияда бокстан өткен лицензиялық турнирде астаналық ағайынды боксшылар Айбек пен Нұрбек Оралбайлар жеңіске жетіп, Париж Олимпиадасына жолдама алды.

Бусто-Арсицио шаршы алаңында әлемнің 112 елінен келген 598 боксшы 49 лицензия үшін айқасты. Қазақстан ерлер және әйелдер ұлттық құрамасынан сынға түскен 11 боксшының арасынан Сәкен Бибосынов (52 келі), Сабырхан Махмұт (57 келі), Асланбек Шынберген (71 келі), Нұрбек Оралбай (80 келі) және Айбек Оралбай (92 келі)

Олимпиада жолдамына ие болды. Елордалық Нұрбек Оралбай (80 келі) мен Айбек Оралбай (92 келі) турнир барысында барлық қарсыластарын күмәнсіз ұтты. Бір айтарлығы, қазақ боксының тарихында алғаш рет егіз өрендер Олимпиада ойындарында ел намысын қорғайтын болады.



ЕЛІМІЗДЕ НАУРЫЗ МЕЙРАМЫНА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КҮЙ ЧЕЛЛЕНДЖІ ӨТЕДІ. 20 НАУРЫЗ КҮНІ САҒАТ 12:00-ДЕ МЕКТЕПТЕРДЕ БІР МЕЗГІЛДЕ КҮЙ КҮМБІРЛЕЙДІ.

7

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 491.26 \$ USD/KZT 449.3 ₰ RUB/KZT 4.93 ¥ CNY/KZT 62.61

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

Төлен ТІЛЕУБАЙ

КАСПИЙ – ТАСЫМАЛ ЖОЛЫ

Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев Қазақстан да, Әзербайжан да өңірлік ынтымақтастыққа, көршілермен қарым-қатынасын нығайтуға бейімді екенін атап айтты. «Транскаспий көлік дәлізі – аймақтық ынтымақтастық деңгейін анықтайтын нақты бағыт. Өйткені көрші елдермен жақсы қарым-қатынас орнатпай, транзиттік елге айналу мүмкін емес. Бұл ретте Қазақстан да, Әзербайжан да өңірлік ынтымақтастыққа, көршілермен қарым-қатынасын нығайтуға бейімді екенін танытып отыр. Біздің арамды тек Каспий теңізі ғана бөліп жатыр. Алайда бүгінде оның өзі кедергі емес. Керісінше, Каспий тек елдерімізді ғана емес, көптеген мемлекеттердің арасын жалғайтын көпір саналады. Себебі Транскаспий көлік бағыты өзінің әлеуетін толық ашуға кірісті. Бүгін Үкімет мүшелері көптеген мәселе бойынша егжей-тегжейлі баяндама жасады. Өзара ықпалдастық пен бірлескен іс-әрекеттердің нәтижелері, ең бастысы, болашақ жоспарларымыз, шын мәнінде, өте ауқымды» деп мәлімдеді БАҚ өкілдеріне арналған брифингте Ильхам Әлиев.

Қазақстан мен Әзербайжан президенттерінің келіссөзі нәтижесінде маңызды 14 құжатқа қол қойылды. Олардың қатарында Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі мен Әзербайжан Республикасының Цифрлық даму және көлік министрлігі арасындағы теңіз кемелері экипаж мүшелерінің кәсіби дипломдарын өзара тану туралы келісім; Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен Әзербайжан Республикасының Цифрлық даму және көлік министрлігі арасындағы ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарда зерттеу және пайдалану саласындағы өзара түсіністік туралы меморандум; «Самұрық-Қазына» АҚ мен Әзербайжан инвестициялық холдингі (АН) арасындағы стратегиялық серіктестік туралы келісім; «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ мен Әзербайжан Республикасының мемлекеттік мұнай компаниясы арасындағы Әзербайжан Республикасының аумағы арқылы қазақстандық мұнай транзитінің көлемін кезең-кезеңімен ұлғайту туралы келісім; «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ мен Әзербайжан Республикасының мемлекеттік мұнай компаниясы арасындағы қазақстандық мұнайды сатып алу-сату саласындағы стратегиялық ынтымақтастық туралы меморандум; Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы «Орталық коммуникациялар қызметі» республикалық мемлекеттік мекемесі мен Әзербайжан Республикасының медианы дамыту агенттігі арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум; Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік техникалық қызметі» АҚ мен Әзербайжан Республикасының Арнаулы байланыс және ақпараттық қауіпсіздік қызметі арасындағы ақпараттық қауіпсіздік саласындағы өзара түсіністік туралы меморандум және т.б. бар.

ГҮЛ ШОҚТАРЫН ҚОЙДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Әзербайжанның жалпыұлттық көшбасшысы Гейдар Әлиевтің рухына тағзым етіп, оның және зайыбы Зарифа



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Әзербайжанға екі күнге созылған мемлекеттік сапары табысты болды. Екі елдің Президенттері өткізген келіссөз барысында тараптар сауда-экономикалық, көлік-транзиттік, энергетикалық, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық, сондай-ақ цифрландыру, азық-түлік қауіпсіздігі және жаңартылатын энергия көздері салаларындағы ықпалдастық мәселелерін талқылады. Қорытындысында 14 құжатқа қол қойылды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бауырлас елге сапарының мән-маңызын: «Ең бастысы, арадағы келісімге сәйкес, екі ел үкіметтері мен басқа да салалық ведомстволар жоғары деңгейдегі кездесулер барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды толыққанды жүзеге асыруға бар күш-жігерін жұмсайды» деп жоғары бағалады.



Әлиеваның бейіттеріне гүл шоқтарын қойды. Бұдан кейін Мемлекет басшысы Шаһиттер аллеясындағы мәңгілік алауға гүл шоғын қою рәсіміне қатысты. Мұнда елдің азаттығы жолында, тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығын сақтау үшін құрбан болған әзербайжан халқының батыр ұлдары жерленген. Шаһиттер аллеясы «Нагорный» саябағының аумағында орналасқан. Мұнда 1990 жылғы қайғылы оқиғаның құрбандары мен Қарабақ үшін болған шайқастарда қаза тапқан ұлт қаһармандарының бауырластар зираты бар.

КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗДІ

Мемлекет басшысы Әзербайжан Милли Мәжілісінің Төрағасы Сағиба Гафаровамен келіссөз жүргізді. Қасым-Жомарт Тоқаев Сағиба Гафароваға ілтипат білдіріп, Қазақстан мен Әзербайжанның қарым-қатынасы қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. «Шын мәнінде, Қазақстан мен Әзербайжан – стратегиялық серіктес әрі одақтас елдер. Бүгін біз бұл мәртебенің мемлекеттер мен үкіметтер басшыларына ерекше жауапкершілік жүктейтінін атап

өттік. Екі ел ынтымақтастығының мазмұны бай әрі перспективасы зор. Бірқатар бірегей жоба қолға алынды. Елдеріміз арасындағы қарым-қатынастың стратегиялық сипаты туралы айтқан кезде, ең алдымен, мұнай мен газ, көлік-логистика, цифрландыру, ауыл шаруашылығы, индустрия және басқа да салалар ойға оралады» деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Әзербайжан Милли Мәжілісінің Төрағасы парламентаралық байланысты дамытуға жан-жақты қолдау көрсеткені үшін Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты. «Сіздің бүгінгі сапарыңыз елдеріміз арасында қалыптасқан достық, бауырластық қатынастардың дамуына ерекше үлес қосатынына сенімдімін. Қазіргі таңда біз стратегиялық серіктестік және одақтастық қатынастар туралы әңгіме қозғап отырмыз. Мен бүгінгі кездесулерде қоғамның әртүрлі салаларындағы қатынастарды дамыту жөнінде бірқатар маңызды мәселе талқыланғанынан хабардармын. Сондай-ақ екі елдің парламенттері арасында өте терең іскерлік байланыстар орнағанын зор мақтанышпен әрі ризашылықпен айта аламын» деді Сағиба Гафарова.

БАС ЖОСПАРМЕН ТАНЫСТЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Әзербайжан Республикасына жасаған мемлекеттік сапарының екінші күні Ильхам Әлиевпен бірге Физули қаласындағы қираған жерлерді аралап көріп, шаһарды дамытуға арналған бас жоспармен танысты. Мемлекеттер басшыларына қаланы және оның төңірегіндегі аумақтарды қайта қалпына келтіру үшін қолға алынған шаралар туралы мәлімет берілді. Сондай-ақ шаһардың жаңа келбеті: келешек әкімшілік орталықтың, саябақтың және басқа да маңызды нысандардың эскиздері мен жобалары көрсетілді.

Бұдан бөлек, екі ел президенттеріне қазіргі уақытта қалада ауқымды құрылыс және қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп жатқаны жөнінде баяндалды. Былтыр мамыр айында қала ішіндегі көшелер мен жолдар желісінің негізі қаланып, ауызсумен қамтамасыз ету, көріз және жауын суының ағып кету жүйесін тарту жұмыстары басталған. Сондай-ақ цифрлық қосалқы станция мен «Физули» басқару орталығы іске қосылған. Сонымен қатар бір мезгілде әкімшілік ғимараттардың, коммуналдық үй-жайлардың, тұрғын үй кварталының құрылысы басталған. Қазір Физулиде 38 көпқабатты ғимараттың құрылысы жүргізіліп жатыр.

БАУЫРЛАС ХАЛЫҚҚА ТARTУ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев Физулиде қазақтың дәулескер күйшісі Құрманғазы атындағы Балалар шығармашылығы орталығының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты. Заманауи инновациялық орталық Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қазақстандықтардың атынан бауырлас әзербайжан халқына гуманитарлық тарту ретінде қысқа мерзім ішінде салынды. «Бұл – Қазақстан халқының тартуы. Менің жеке тапсырам

бойынша аталған сыйлықты жекеменшік VI Group компаниясы бүкіл халықтың атынан шын жүректен ұсынып отыр. Орталық елдеріміз арасындағы жан-жақты байланыстарды нығайтуға қызмет етеді деп ойлаймын. Сіздерге табыс пен бақ-береке тілеймін. Әзербайжанның осы қасиетті өлкесі қарыштап дами беретініне сенімдімін» деді Қазақстан Президенті Физули жұртшылығымен әңгімелесу кезінде.

Өз кезегінде Ильхам Әлиев Қасым-Жомарт Тоқаевқа және барша Қазақстан халқына алғыс айтты. «Бауыр ретінде осындай керемет сый жасағаныңыз үшін Сізге алғыс айтқым келеді. Азат етілген жерлерде Балалар шығармашылығы орталығын салу Сіздің бастамаңыз еді. Осыдан бір жарым жыл бұрын Әзербайжанға келген кезіңізде, аталған орталықтың жобасы таныстырылған болатын. Ол бір жыл ішінде салынды және бүгін ресми түрде ашылып отыр. Орталық қазақ халқының ұлы перзенті Құрманғазының есімімен аталды. Кеше айтқанымдай, бұл тек балалардың шығармашылығын шындыққа қайтарып, Қазақстан мен Әзербайжанның достығы мен бауырластығын айшықтайтын орталық болады. Біз бұл тартуға шын жүректен ризашылығымызды білдіреміз. Әзербайжан халқы мұны ешқашан ұмытпайды» деді Ильхам Әлиев.

Бұл Орталыққа Құрманғазының есімі кездейсоқ беріліп отырған жоқ. Өйткені қазақ халқының дәулескер күйшісінің бай мұрасы бүкіл түркі дүниесінің асыл қазынасына айналды. «Шын мәнінде, Құрманғазы – қазақ музыкасының алыбы. Тіпті түркі мәдениетінің ажырамас бөлігі деп айтуға болады. Қазақтың күй өнерін Құрманғазысыз елестету мүмкін емес. Оның туындылары өте тегеурінді әрі заманмен бірге жасай береді. Сондықтан оның әйгілі «Сарыарқа» күйін халық әлі күнге дейін тебірене тыңдайды» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Екі ел басшылары Орталықтағы жаңа кабинеттерді, кластарды, залдар мен шығар-

машылық студияларын аралап көрді. Ғимараттың іргетасы былтыр наурыз айында қаланған болатын. Нысанды жобалау жұмыстары үш айдың ішінде жасалып, құрылысы 9 айда аяқталды. 1,5 гектар аумақта орналасқан орталықтың жалпы ауданы – 2700 шаршы метр. Екі қабатты ғимаратта 600 баланың бірнеше ауысыммен мектептен тыс білім алуына барлық қажетті жағдай жасалған. Мұнда дәріс залы, шахмат, аспаз кластары, көркемөнер және мүсін студиясы, хореография және спорт залдары, дыбыс жазу кабинеті, музыка және вокал класы, фото-бейнемонтаж, веб-дизайн және роботтық техника кабинеттері, акт залы, 3D-модельдеу класы бар. Орталықта IT-стартаптарға және Әзербайжанның ұлттық мәдениетіне, соның ішінде кілем тоқу өнеріне айрықша мән берілген.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық ұжымына Құрманғазы домбырасының көшірмесін, сондай-ақ білім ошағының тәрбиеленушілерін таситын автобусты сыйға тартты.

ҚҰРЫЛЫС АЛАҢЫН АРАЛАП КӨРДІ

Қазақстан мен Әзербайжан президенттері Физули қаласындағы орталық аурухананың құрылыс алаңын аралап көрді, жоспарымен танысты. Келешекте бой көтеретін медициналық мекеме 180 төсек-орынға есептелген. Ғимараттың жалпы ауданы 34 мың шаршы метрден асады. Ауруханада стационарлық қызмет көрсететін кардиология, неврология, гинекология, анестезиология-реанимация, гемодиализ, терапия, хирургия, травматология-ортопедия, босану және жұқпалы аурулар бөлімдерін, сондай-ақ офтальмология, педиатрия және ЛОР кафедраларын ашу жоспарланып отыр.

Ал амбулаториялық режимде науқастарға кеңес беретін емхана бөлімі, балалар емханасы, рентген диагностикасы, функционалдық диагностика, физиотерапия және медициналық оңалту бөлімдері қызмет көрсетпек. Сонымен қатар клиникалық-диагностикалық зертхана, жедел жәрдем станциясы, гигиена және эпидемиология орталығы жұмыс істейді. Нысанды қазақстандық құрылыс компаниялары коммерциялық негізде салады деп жоспарланып отыр.

ШУША ҚАЛАСЫНА БАРДЫ

Мемлекет басшысының Әзербайжанға сапары Шуша қаласында жалғасты. Екі ел президенттері Қарабақ тау жотасының баурайында орналасқан қаланың бас жоспарымен танысты. Содан кейін олар аймақтың көрнекті жерлерін, оның ішінде орталық алаңды, «Саатлы» мешітін, тау қыратындағы «Джыдыр диозы» алаңын, «Бюль-Бюль» мұражай-үйін, жалпыұлттық көшбасшы Гейдар Әлиевтің 100 жылдығына орай ұйымдастырылған фотокөрмені және тағы да басқа тарихи орындарды аралап көрді.

Шуша шаһары ежелден әзербайжан мәдениетінің алтын бесігі саналған. Қала заманында гүлденіп, поэзия, көркемөнер және сәулет өнері дамыған орталық болған. Бүгінде мұнда инфрақұрылым салу және қалпына келтіру жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Қазірдің өзінде бірнеше қонақ үйі, музей және мешіттер бой көтерген. Тұрғын үйлер, білім беру мекемелері, әлеуметтік нысандар, шіркеулер салынып, жөндеуде. Сонымен қатар түрлі сала мамандарының қатысуымен нысандарды бағалау және түгендеу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

БОТАЙ ЖЫЛҚЫСЫНА ЕСКЕРТКІШ ОРНАТЫЛАДЫ



Астанада Ботай мәдениетін насихаттау мақсатында Ботай жылқысына ескерткіш орнату және ашық аспан астындағы мұражай құру ұсынылды. Елордада республикалық «JORYQ» ат спорты федерациясы мен Астана қаласы Ұлттық және олимпиадалық ат спорты түрлері федерациясы арасында меморандумға қол қойылды.

Құжатқа республикалық «JORYQ» ат спорты федерациясының президенті Бақытжан Тұрлыбеков пен Астана

қаласы Ұлттық және олимпиадалық ат спорты түрлері федерациясының президенті Ерлан Каналимов

қол қойды. 14 тармақтан тұратын меморандум екі федерация арасындағы әріптестікті, ынтымақтастықты нығайтуды және ат спортын дамыту мен танымалдығын арттыруды көздейді. Атап айтқанда, тараптар бірлесе отырып ат спортын тиімді дамытуға бағытталған бастамаларына қолдау көрсетуге, Қостанай және Адай жылқыларының тұқымын, жылқы малының қолға алғаш үйретілген Ботай мәдениетін насихаттау барысында бірлескен жұмыс жүргізуге уағдаласты.

Тараптар Астана қаласының шағын саябақтарының бірінде Ботай жылқысына ескерткіш орнату және қоғамдық кеңістікті сол тақырыпта абаттандыру мен Астана қаласында ашық аспан астында Ботай мәдениетінің мұражайын ұйымдастыру бойынша бірлесіп жұмыс атқаруды да жоспарлап отыр. Сонымен қатар екі федерация ат спортына үлес қосқан азаматтарды жыл сайын қошеметтеу және марапаттау салтанатты шарасын ұйымдастырып, жоғары оқу орындарымен бірлескен шаралар өткізбекші. Бұған қоса қазақ жылқысын, оның қазақ тұрмысы мен мәдениетіндегі орнын насихаттау жолында Астана қаласындағы Жастар театрында арнайы қойылым көрсету бойынша бірлескен жұмыс та қолға алынбақ.

АРМАНДАР ОРЫНДАЛАДЫ

Елордада Әз-Наурыз мерекесіне орай «Армандар шаңырағы» атты әлеуметтік акция өтті. Нұра ауданы әкімдігі ұйымдастырған акция барысында Астана қаласы әкімдігінің «Жансая» әлеуметтік қызмет көрсету орталығына келуші балалар армандарын қағазға жазды.

Елордалық Сандұғаш Нұрсейітова – көпбалалы ана. Оның кенже баласы қазіргі кезде осы орталықта оңалтудан өтіп жүр.

«Ұлым Естай – 7 жаста. Баламның сөйлеу қабілеті кеш дамып жатыр. Бұл орталық бізге ұнайды. Мұнда бізбен күн сайын логопед, психолог секілді мамандар жұмыс істейді. Орталықтың әлеуметтік қызметкерлері балаларға жақсы қарайды. «Армандар шаңырағы» атты керемет акция өтті. Ерекше балаларды елеп, ескеріп жатқаны үшін ұйымдастырушыларға



алғысым шексіз. Біз үй жағдайында қойылған батут болмаса, 2 дөңгелекті велосипед сұрап отырмыз» деді анасы.

Іс-шараның мақсаты – балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлау.


«Астана қаласы әкімдігінің «Жансая» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы 2022 жылы ашылған. Мұнда қазіргі кезде 1,5 жастан 18 жасқа дейінгі 640 мүмкіндігі шектеулі бала бар. Күн сайын 70-тен аса

бала оңалтудан өтеді. Олар әртүрлі мамандардың қызметіне алады. Сондай-ақ орталықта би, вокал секілді үйірмелер жұмыс істейді» деді орталық директоры Ердәулет Аманбай.

Елордалық меценаттар мен кәсіпкерлер Нұра ауданына қарасты 70 баланың арманын орындамақ. Олар сыйлықтарды наурыздың 21-іне дейін балаларға табыстайды.

АУЛА АУМАҚТАРЫ ЖӨНДЕЛДІ

Елордада «Халық қатысатын бюджет» жобасына қатысуға өтінімдер қабылдау аяқталды.



Гүлбаршын
ӨКЕШҚЫЗЫ

Қанатқақты жоба Астанада алғаш рет 2019 жылы іске асырылған болатын. Оның мақсаты – тұрғындардың бастамалары мен ұсыныстары негізінде қала аудандарын дамыту және абаттандыру.

Сарыарқа ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, биыл «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында абаттандыру бойынша 71 өтініш түскен. Олардың басым бөлігі балалар мен спорт

алаңдарын салуға немесе жөндеуге қатысты болып отыр. Тұрғындардан келіп түскен ұсыныстар арасында қоғамдық алаңдар, орындықтар, қоқыс салатын жәшіктер орнату; аумақты көгалдандыру, сондай-ақ тротуарларды салу және жөндеу ерекше аталды. Соңғы 4 жылда аудан бойынша 69 тұрғынның бастамасы іске асырылып, аула аумақтары толықтай күрделі жөндеуден өтті.

Жоба аясында Нұра ауданы әкімдігінің сайты және eGov Mobile қосымшасы арқылы 21 жобалық ұсыныс

түссе, Алматы ауданының аумағын абаттандыру бойынша 171 өтініш келіп түскен. Аудан тұрғындарының барлық жобалық ұсыныстары сараптамалық кеңесте қаралады. Сараптау комиссияларының бағалау нәтижелері бойынша «Халық қатысатын бюджет» жобасының ережелері мен шарттарына сәйкес келетін жобаларға дауыс беру кезеңіне жіберіледі.

Ең үздік жобаларға онлайн дауыс беру 26 наурыз бен 24 сәуір аралығында аудандық аппараттың ресми сайтында өтеді. Тұрғындардан ең көп дауыс жинаған өтінімдер жүзеге асырылады. Әрбір ұсыныс урбанистерден, қаланың қоғамдық кеңесінің мүшелерінен, белсенді тұрғындардан тұратын кеңестің талқылауына шығарылады. Талдау нәтижесінде конкурстың талаптарына сәйкес келетін жобалар анықталатын болады. Шешім шығарылғаннан кейін дауыс беру басталады.

«Халық қатысатын бюджет» бағдарламасының жеңімпаздары дауыс беру арқылы анықталады. Осы жылдан бастап жобаларға ауданның сайты арқылы да, eGov Mobile қосымшасы арқылы да дауыс беруге болады.

Бұл күндері аудан аумағында 21 мердігер ұйым қызмет етсе, онда барлығы 900 арнайы техника және 1500 жұмысшы бар. Байқоңыр ауданында 25 мердігер ұйым қызмет етеді, оның ішінде 350-ге жуық арнайы техника және 450 жол жұмысшысы еңбек етеді.

Елорданың әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында «Азаматтық қорғаныс саласындағы білгір» зияткерлік сайысы өтті. Білім беру ұйымдарында төтенше жағдайлар кезінде балалар мен жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылған іс-шараны Алматы ауданы әкімдігі мен қаланың Төтенше жағдайлар басқармасы бірлесе ұйымдастырды.

ЖАС ҚҰТҚАРУШЫЛАР ЖАРЫСТЫ



Индира
БЕРЖАНОВА

Зияткерлік сайыс оқушылардың адамның күнделікті өміріндегі қауіп туралы білімді одан әрі тереңдету, төтенше жағдайлар кезінде балалардың білімі мен машықтарын қалыптастыру, өзінің және де өзгелердің өміріне жауапкершілікпен қарау мен қажетті қауіпсіздік ережелерін сақтауға бағытталды. Сайысқа қатысу үшін Алматы ауданының мектептері арасында «Азаматтық қорғаныс саласындағы үздік жадынама» іріктеу туры өткізілді, оның нәтижесі бойынша №22 мектеп-гимназиясы, №30 мектеп-гимназиясы, №72 мектеп-лицей, №42 орта мектебі гимназиясы ең жақсы нәтиже көрсетті.

Алматы ауданы Төтенше жағдайлар басқармасының бастығы Талғат Каерлиновтің айтуынша, зияткерлік сайыстар қала мектептерінде тұрақты түрде өткізіледі.

Биылғы сайыста 5 оқушыдан құралған 4 топтың басын қосты. «Таныстыру», «Брейн-ринг», «Мен құтқарушымын», «Не? Қайда? Қашан?» атты 4 кезең бойынша қатысушылар білімдерін ортаға салды. Әр команда топ атауы мен өз ұрандарын да дайындап келген.

Додаға сақадай сай дайындалған

қатысушылар алғашқыда өздерін таныстырып, кейін өрт қауіпсіздігі, төтенше жағдайлар кезінде әрекет ету дағдылары, құтқарушы мамандығының бағыттары бойынша сұрақтарға жауап берді. Ал соңғы кезеңдерде алғашқы көмек көрсету бойынша практикалық тапсырмаларды орындады.

Сайыс қорытындысы бойынша «Жас құтқарушы» аталымы №30 мектеп-гимназиясына, «Ең тапқыр» аталымы №22 мектеп-гимназиясына беріліп, «Ең жылдам» №42 орта мектебі мен «Ең белсенді» №72 мектеп-лицейі танылды. Ал 3-орын №22 мектеп-гимназиясы, №30 мектеп-гимназиясы, №72 мектеп-лицей, №42 орта мектебі гимназиясы ең жақсы нәтиже көрсетті.

«Мектеп оқушылары қазіргі таңда күнделікті тұрмыста қандай да бір оқыс оқиға болғанда қалай дұрыс әрекет ету керектігін білмейді. Сондықтан бұл сайыс оқушылар үшін қажет деп ойлаймын. Біз осы сайыста теорияны тереңірек меңгеріп, адам өміріне жауапкершілікпен қарауға үйрендік. Мектебімізде де төтенше жағдайға қатысты оқытуды жиі өтеді» деді №72 мектеп-лицейінің «Қаһарман» тобының капитаны Әлтайыр Әбдіраисов.

ҚОСЫМША ПОЙЫЗДАР ҚАТЫНАЙДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мереке кезінде жүретін қосымша пойыздар келесі бағыттар бойынша қатынайды:

-№201/202 «Астана – Алматы» жолаушылар пойызы бойынша 4 рейс енгізіледі: Астанадан 18, 20, 22, 24 наурызда сағат 22:00-де жөнелтіліп, Алматыға 19, 21, 23, 25 наурызда сағат 17:20-да барады, кері бағытта Алматыдан 19, 21, 23, 25 наурызда сағат 21:00-де жөнелтіліп, Астанаға 20, 22, 24, 26 наурызда сағат 16:10-да келеді;

-№203/204 «Астана-Шымкент» жолаушылар пойызы бойынша 3 рейс енгізіледі: Астанадан 17, 20, 23 наурызда сағат 22:37-де жөнелтіліп, Шымкентке 18, 21, 24 наурызда сағат 22:52-де барады, кері бағытта Шымкенттен 19, 22, 25 наурызда сағат 00:25-те жөнелтіліп, Астанаға 20, 23, 26 наурызда сағат 00:27-де келеді;

Сонымен қатар, қала маңындағы бағыттар бойынша қосымша электр пойыздары қосылады:

-№7509 «Павлодар – Астана» электр пойызы бір бағытта 10, 24 наурыз; -№7510 «Астана – Павлодар» электр пойызы бір бағытта 20, 21 наурыз; -№6805/6806 «Астана – Көкшетау» электр пойызы 20, 25 наурыз; -№6811/6812 «Астана – Бурабай курорты» электр пойызы 21 наурыз.

Қосымша пойыздарға билеттерді сату 5 наурызда басталды. Билеттерді bilet.railways.kz сайты және билет кассалары арқылы сатып алуға болады. Жолаушылар пойыздарының қозғалыс кестесі бойынша анықтамалық ақпаратты «1433» тегін нөмірі, «KTZH_PP_VOT» бот желдехаттары, сондай-ақ «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның [@jolaushylar_tasymaly](https://www.instagram.com/jolaushylar_tasymaly) ресми Instagram-аккаунты арқылы алуға болады.



СПОРТ СЕКЦИЯЛАРЫ ТИІСТІ ТАЛАПҚА САЙ МА?



жоспарлағанын жеткізді.

Сондай-ақ депутаттар көркем гимнастика, қазақ күресі, бокс, дзюдо, спорттық би, шайбалы хоккей, мәнерлеп сырғанау, жеңіл атлетика секцияларын тексерді.

«Астананың бірқатар спорт секциялары мен нысандары спортпен шұғылдану үшін мемлекеттік тапсырысты орналастыру нормаларына сәйкес келмейді. Тұрғын үй кешендеріндегі спорт залдардың жағдайы, мен бұл секцияларға баратын балалар саны көптеген сұрақтар туғызады» дейді Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов.

Қалалық мәслихат депутаты Алтыншаш Табулдинаның мәліметінше, қазір елордада мемлекеттік спорттық және шығармашылық тапсырысты 203 ұйым іске асырып отыр.

«Нысандарды аралап өткеннен кейін біз қосымша зерттеуді қажет ететін бірнеше мәселені анықтадық. Қызмет көрсету сапасы, ғимараттар мен жабдықтардың стандарттарға сәйкестігі, секцияларға нақты қатысу

Астана қаласы мәслихатының бір топ депутаты елордада мемлекеттік спорттық және шығармашылық тапсырыс қалай іске асырылып жатқанын тексеріп, бірқатар нысандарды аралады. Соның барысында бұл бағыттағы кейбір мәселелерді анықтады. Аталмыш жұмыс енді қалалық мәслихаттың алда өтетін сессиясында талқыланады.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Қ.Сәтбаев атындағы №61 мектеп-лицейде «Артспорт» бағдарламасы бойынша «Santos Astana» атты футбол мектебі жұмыс істейді. Оған 160 бала барады. Яғни, 8 топқа 20 баладан бөлінген. Бас қала тұрғындарының қарқынды артуына, соған сәйкес оқушылардың шамадан тыс көбеюіне байланысты көптеген мектептің спортзалы күні бойы босамайды. Осыны атап өткен қалалық мәслихат депутаты Алтыншаш Табулдина футбол мектебі мектепшілік үйірмелер жұмысына кедергі келтіріп тұрған жоқ па деп сұрады.

Футбол мектебінің бас бапкері Файзолла Жабаеттың айтуынша, аталмыш мектептің үйірмелері сағат 15.00-ден 18.00-ге дейін жұмыс істейді. Ал футбол мектебінің әр тобына аптасына үш рет ұзақтығы 1,5 сағаттан сабақ өткізіледі. Сабақтар 18.00-ден кейін басталады. Ал сенбі-жексенбі күндері футбол мектебі күні бойы балаларды жаттықтырады.

Кейбір спорт секциялар мен шығармашылық үйірмелер көп-пәтерлі үйлердің бірінші қаба-



тында немесе жер төселерде орналасқан. Көпшілігі тиісті талаптарға сәйкес келмейді. Мәселен, Қарғалы 18/1 мекен-жайында шахмат пен грек-рим күресі үйірмелері бір ғимаратта орналасқан. Мәслихат депутаттары барғанда балаларға шахматтан сабақ беріліп жатты, ал

күрес залында ешкім болмады. Оның себебі ретінде жоғарғы қабатта құбыр жарылып, залды су басқаны айтылды. Депутаттар мұнда күреспен айналысатын балалар жаттығудан кейін жуыну керектігін, бірақ душ бөлмесінің жоқтығына назар аударды. Үйірме иесі душ орнатуды енді

мәселелері – мұның бәрі назар аударуды және одан әрі талдауды қажет етеді.

Біз осы салада көрсетілетін қызметтердің тиімділігі мен өзектілігін қамтамасыз ету үшін егжей-тегжейлі зерттеу жүргізуге міндеттіміз» деді Алтыншаш Табулдина.

Әлеуметтік салада 33 жыл қызмет атқарып келе жатқан, бүгінгі таңда Астана қаласындағы «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» мекемесінің Байқоңыр ауданы бойынша бөлімінің басшысы Роза Байсалбаева – асыл жар, аяулы ана ғана емес, мамандығын жақсы меңгерген, әлеуметтік саланың қиындығын, ыстығы мен суығын қатар көрген тәжірибелі маман.

ӘЛЕУМЕТТІК САЛАНЫҢ МАЙТАЛМАН МАМАНЫ

Роза Қарабекқызы Астана қаласында туған, көпбалалы отбасында тәрбиеленген. Бір басында үш мамандығы бар – инженер, педагог, экономист. Қарағанды экономика университеті мен Целиноград ауылшаруашылық институтын бітірген. Еңбек жолын 1996 жылы Ақмола қаласының Жұмыспен қамту орталығында жетекші маман болып бастаған.

Қыз балаға тән барлық тәлім-тәрбиені, ұлттық құндылықтарды бала жастан бойына сіңірген. Отбасындағы қазақи тәрбие оны әлеуметтік қызмет көрсету саласында жетістікке жетеледі. Білікті басшы әлеуметтік қызметте жүрген әйелдердің адами қасиеттерін ерекше бағалайды.

«Әлеуметтік саланың маманы қызмет алушылардың психологиялық тұрғыда қарым-қатынас жасауына көп көңіл бөлу, кейбір егде жастағы зейнеткермен жеке сөйлесіп, қолдау көрсету қажет. Жас мамандарға көптеген жұмыс жасау барысында ақыл-кеңес беру, пікірлесіп отыру маңызды деп есептеймін. Әлеуметтік қызмет алушылармен тиімді жұмыс істеу үшін стреске төзімді, көптен тіл табыса білу, жұмысын шексіз сүю қажет деп санаймын» дейді Роза Қарабекқызы.

Роза Байсалбаева басшылық ететін Байқоңыр ауданы бой-



ынша «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығына» 2 мыңнан астам қызмет алушы келеді. Қала зейнеткерлері үшін сауықтыру, медициналық, әлеуметтік-экономикалық, еңбек терапиясы, тілдік және компьютерлік курстар, шахмат, тоғызқұмалақ, мәдени үйірмелер тегін жұмыс істейді. Орталықтың мақсаты – қала зейнеткерлерінің белсенді өмір салтын ұзарту және бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру.

«Қандай мекемеде қызмет атқарсам да, адал болуға тырыстым. Іске адал болу әрдайым абырой әкелетінін білемін. Әйел адам жетістікке жету үшін барынша білімді, білікті, үлкенге құрметпен қарау керек деп ойлаймын» дейді білікті басшы Роза Байсалбаева.

Меруерт ҚАЙЫРТАСҚЫЗЫ

БАҒДАРЛАМАҒА КІМДЕР ӨТТІ?

Елорданың Тұрғын үй басқармасы «Elorda zhastary» бағдарламасы бойынша іріктеу нәтижесін жариялады.



«Elorda zhastary» тұрғын үй бағдарламасы бойынша іріктеу нәтижелерін қаланың Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасының сайтынан және zhifond.kz порталынан көруге болады.

Олар үш тізімде жарияланды: «мақұлданды», «мақұлданды – резерв» және «мақұлданбады». «Мақұлданды» тізіміндегі азаматтарға өтінім беру кезінде көрсетілген электрондық поштаға («Спам» папкасында болуы мүмкін), «Отбасы банк» АҚ жіберудің электрондық нұсқасы жіберілді, оны басып шығарып төлем қабілеттілігін бағалау үшін Астана қаласындағы «Отбасы банк» АҚ кез келген бөлімшесіне 10 жұмыс күні ішінде жүгіну қажет. «Отбасы банк» АҚ жолдама алған сәттен бастап 10 жұмыс күні

ішінде жүгінбеу жағдайында, Тұрғын үй орталығы жолдаманың күшін жоюға құқылы.

«Мақұлданды – резерв» тізіміндегі азаматтар бағдарламаның негізгі шарттарына сәйкес келеді, алайда аз балл жинауын және лимиттің аяқталуын ескере отырып, резервтік тізімге енгізілген. Егер мақұлданбағандардың негізгі тізімінен банкте төлем қабілеттілігін растамағандар болса, төлем қабілеттілігін өтуге жолдама тізіміндегі кезектілікке сәйкес мақұлданғандардың резервтік тізімінен азаматтарға берілетін болады.

«Мақұлданбады» тізіміндегі азаматтар bige.astana.kz порталындағы жеке кабинетте толығырақ танысуға болатын себептер бойынша бағдарлама талаптарына сәйкес келмейді.

ИНТЕРНЕТ-АЛАЯҚТЫҚ АЗАЙЫП КЕЛЕДІ

Жыл басынан бері Астанада 700-ден астам интернет-алаяқтық тіркелген. Бұл туралы Астана қаласының коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихаты барысында Полиция департаменті Криминалдық полиция басқармасының бастығы Дастан Қалиев мәлім етті.



– Жыл басынан бері елорда аумағында 749 интернет-алаяқтық тіркелген. Азаматтарға келтірілген залал 500 миллион теңгеден асады. Қазіргі уақытта қылмыстың бұл түрінің

13,6%-ға төмендеуі байқалады. Елімізде цифрландыру жаппай сипат алууда. Мәмілелер, ақша қаражаттарын сатып алу, аудару, мемлекеттік қызметтерді алу және т.б. қашықтан, жеке

қатысудың қажеттілігінсіз жасалғаны алаяқтар үшін қолайлы жағдайлар тудырады.

Интернеттегі алаяқтықтың алдын алудың алғашқы және маңызды қадамы – хабардар болу. Азаматтар интернеттегі күдікті сұрауларға, сілтемелер мен ұсыныстарға мұқият болу қажет. Сонымен қатар қиын парольдер мен қауіпсіз қосылымдарды пайдалану керек, – деді Дастан Қалиев.

Астана қалалық Полиция департаменті Криминалдық полиция басқармасының бастығы алаяқтардың негізгі схемаларын атап өтті. Олар: жасанды интеллектті пайдалану арқылы банктердің қауіпсіздік қызметі немесе құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің атынан жасалатын қоңыраулар, әлеуметтік желілер мен интернет-платформаларда тауарлар мен қызметтерді сату, фишингтік сайттарды пайдалану, крипто-валютаға, бағалы қағаздарға және т.б. инвестициялау, What's App мессенджеріне заңсыз қол жеткізу.

Елорда тұрғындарының қаржылық сауаттылығын арттыру, интернет-алаяқтықтың алдын алу және жолын кесу мақсатында Астана қаласы Полиция департаменті мен әкімдік қызметкерлері бірлесіп волонтерлік қозғалыстарды тарта отырып, тұрақты негізде іс-шаралар мен акциялар өткізеді.

Басқарма бастығының айтуынша, бүгінге дейін интернет-алаяқтықтың құрбаны болмау туралы түсіндірмелері бар буклеттер мен жадынамалар тарату бойынша акциялар ұйымдастырылып, оқу, медициналық мекемелерде, коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдарда дәрістер өткізіліп келеді. Жерге трафареттер салынып, сауда ойын-сауық орталықтарында, сауда үйлерінде, базарларда, супермаркеттерде аудио таратылып, қалалық автобустарда аудио-бейнероликтер көрсетілуі және әлеуметтік желілерде профилактикалық сипаттағы материалдар таратылууда.

**Индир
БЕРЖАНОВА**

КАДРЛЫҚ РЕЗЕРВ – ӘЛЕУМЕТТІК ЛИФТ ТЕТІГІ

Елімізде рухы биік, іскер әрі дарынды жастар көп. Оларды мемлекеттік қызметке тартуда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Президенттік жастар кадр резерві» жобасы өз тиімділігін көрсетіп отыр. Алғаш рет басталған жылы резервке ұзын-саны 300-ге жететін білікті жас іріктелініп алынды. Ал одан кейінгі 2021 жылғы екінші кезеңде 35 жасқа дейінгі 50 маман Президенттің кадрлық қорын толықтырды. Былтыр жыл соңында іріктеудің үшінші кезеңі аяқталып, жобаны үйлестірушілер 50 жас маманды кадрлық резервке қабылдады.

жастар кадрлық резерві» жобасы іске қосылатынын естігенде бірден қызығушылық таныттым. Атауының өзі ерекше болды және елдегі саяси реформалар аясында түбегейлі өзгерістер қажет екенін түсіндім. 2022 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін қалалық әкімдік аппаратында қызмет істеймін. Әр жылдары елорданың Жер қатынастары, Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы мен қалалық әкімдік аппаратындағы мемлекеттік-құқықтық бөлімінде тәжірибе жинап, жұмыс істедім. Жергілікті атқарушы органдардағы жұмысым мен үшін үлкен тәжірибе болды.

Президенттік жастар кадрлық резерві – жас мемлекеттік қызметшілер үшін үлкен дода. Бәсекелес орта арқылы өзін сынап, шыңдауға мүмкіндік беретін бірегей алаң. Топтық жұмыстар барысында өзіңді жақсы қырынан көрсету арқылы көзге түссін. Үшінші іріктеу әділ және өте қызық болды. Бір қызығы, іріктеуге алдын ала дайындалу мұқабін емес. Қабілетіңізге қарай бағаланады және қорытындысы бойынша осал жерлеріңізді суреттеп береді. Бұл жобаның басты идеясы – талантты жастар үшін «әлеуметтік лифт» құру. Осындай мүмкіндікті қолдану үшін де жобаға қатыстымын. Бұл жерде ескеретіні Президенттік жастар кадрлық резервіне өттім екен деп, жоғары лауазымдарға тағайындалуды күту – қате пікір. Әрине, әр маман үшін оның артықшылықтары бар, жауапкершілік жүктейді. Бірақ қызметтік жолда өсу – әр маманның өзіне байланысты. Мен үшін бастысы – адал қызмет ету, халқымыздың ал-ауқатының өсуіне септігімді тигізу».

– Мемлекеттік қызметтегі жолымда 2021 жылы аралығында Астана қаласы Сарыарқа ауданының ішкі саясат бөлімінің бас маманы және бөлім басшысының міндет атқарушысы болып жұмыс істедім. Ал 2022 жылдан бастап Алматы ауданының ішкі саясат бөлімінің басшысы лауазымында қызмет атқарамын. Мемлекеттік қызметші ретіндегі біліктілігімді арттыру мақсатымен Президент жастар кадр резервіне қатыстым. Әрине, әр іріктеу кезеңі қиын да қызықты болды. Жалпы 7 кезеңнен тұратын былтырғы іріктеу барысында әр үміткердің құзыреттіліктерін көрсетуге ерекше көңіл бөлінді. Мен үшін 4-кезең, «құзыреттерді бақылау» ассесмент-ортасына, шыңдауға мүмкіндік беретін бірегей алаң. Топтық жұмыстар барысында өзіңді жақсы қырынан көрсету арқылы көзге түссін. Үшінші іріктеу әділ және өте қызық болды. Бір қызығы, іріктеуге алдын ала дайындалу мұқабін емес. Қабілетіңізге қарай бағаланады және қорытындысы бойынша осал жерлеріңізді суреттеп береді. Бұл жобаның басты идеясы – талантты жастар үшін «әлеуметтік лифт» құру. Осындай мүмкіндікті қолдану үшін де жобаға қатыстымын. Бұл жерде ескеретіні Президенттік жастар кадрлық резервіне өттім екен деп, жоғары лауазымдарға тағайындалуды күту – қате пікір. Әрине, әр маман үшін оның артықшылықтары бар, жауапкершілік жүктейді. Бірақ қызметтік жолда өсу – әр маманның өзіне байланысты. Мен үшін бастысы – адал қызмет ету, халқымыздың ал-ауқатының өсуіне септігімді тигізу».

Мемлекеттік қызметтің қалыптасқан постулаттарына жаңаша көзқарасты енгізе отырып, кадр саясатының сабақтастығы механизмі ретінде бұл жоба қажет. Осы салаға адалдық, ашықтық, әділдікті нығайтқан келеді. Кадрлық резерв әртүрлі салалардағы мемлекеттік басқарушыларды анықтау бойынша тың реформалық жобаға айналды. Кез келген елде осындай жобаның аналогтары бола бермейді. Мемлекет басшысының бұл жобаны 2019 жылы іске қосқаны біздің елімізде барлығының мемлекетке пайда әкелуге тең мүмкіндіктері бар екенін дәлелдейді».

P.S: Қазіргі жастардың жұмысқа орналасқанда мансапта өсу, жалақыдан бұрын мекемедегі құндылықтар мен жұмыс принциптеріне баса мән беретінін байқауға болады. Сондықтан жастардың қызметке деген талғамы да өзгеріп келеді. Бүгінгі жастар қоғаммен қарым-қатынасты әділетті, ашық, қолжетімді қылатын машықтарды бойына жинақтаған. Соған сәйкес мемлекеттік қызмет те адамға қызмет етуге, сервистік үлгіге қарай ауысып келеді.

Президенттік жастар кадр резерві – еліміздің дамуына сүбелі үлес қосамын деп талпынған жастарға мүмкіндік беретін бірегей жоба. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасы осы – білім-білікті мол, қолынан іс келетін жастар үшін ашық әрі тиімді әлеуметтік сағы құру. Тиісінше, бұл жоба барынша даярланған және тәжірибелі жастар үшін мемлекеттік басқару және квазимемлекеттік сектор жүйесінде басшылық қызметке орналасуға мүмкіндік беруге бағытталып отыр. Нақтырақ айтар болсақ, әкімшілік немесе басқа да саяси лауазымдарға бос орын пайда болған жағдайда, осы Президенттік жастар кадрлық резервіне енген азаматтардың кандидатурасы қаралады. Өз кезегінде, бұл жоба жыл сайын Астана қаласында қарқынды іске асырылып, резервке енуге қызығушылық танытқан азаматтар саны көбейіп келеді. Президенттік жастар кадрлық резерві жобасы академиялық салада, жеке секторда, түрлі құрылымда жүрген елорданың жастары арасында зор қызығушылық тудырды. Қоғамға қозғау салып, елге қызмет етуді көздейтін жастардың көпшілігі осы жобаға қатысып, бақ сынауға ұмтылуда.

Кадрлық резервте болу мерзімі 3 жылды қамтиды. Сөзсіз, кадрлық резерв жастардың мемлекеттік қызметтің «А» және «В» категориясына, тіпті саяси лауазымға дейін өсуіне алғышарт жасайды. Бос орын болған жағдайда тиісті қызметтерге Жастар кадр резерві бойынша ұлттық комиссия резервтегі азаматтарды ұсынады.

Мемлекеттік аппараттың салалық кадрларға қажеттілігін ескере отырып, мақсатты іріктеу жүргізу – кезекті үшінші іріктеудің басты ерекшелігі болды. Осылайша, іріктеу 6 негізгі сала бойынша жүзеге асырылды. Олар: 1) Инфрақұрылымды, өнеркәсіпті дамыту және сауда саясаты; 2) Агроөнеркәсіптік кешен және қоршаған ортаны қорғау; 3) Сыртқы саясат және инвестициялар; 4) Экономикалық және қаржылық саясат; 5) Цифрландыру; 6) Әлеуметтік саясат және азаматтық қоғам. Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің берген мәліметіне сәйкес, резервке барлығы 400 адам қабылданды (2019 жылы – 300; 2021 жылы – 50, 2023 жылы – 50).

«2019 жылы Мемлекет басшысының бастамасымен Президенттік жастар кадр резерві іске қосылды. Оның негізгі мақсаты – басқарудың жаңа мәдениетін қалыптастыру және бастамашыл, креативті ойлайтын жастарды тарту. Жобаға қатысу үшін резерв



платформасында 60 мыңнан астам адам (2019 жылы – 13 мың адам, 2021 жылы – 22 мың адам, 2023 жылы 31 мың адам) тіркелген.

Бүгінгі таңда резервшілер экономиканың түрлі салаларында еліміздің дамуына өз үлестерін қосуда. 282 резервші немесе 70,5% лауазымдарға тағайындалды. Орталық мемлекеттік органдарға – 141, жергілікті мемлекеттік органдарға – 37, ұлттық компанияларға – 60, өзге де ұйымдарға 46 резервші тағайындалды. Олардың ішінде 34 резервші саяси лауазымдарға, 3 резервші «А» корпусының лауазымдарына тағайындалса, екі резервші Парламент Мәжілісі және 1 мәслихат депутаты болып қызмет атқаруда. 282 резервшінің 109-ы мансаптық жоғарылауға ие болды.

Сондай-ақ резервшілер мемлекеттік органдар жанындағы консультативтік-кеңесші органдар мен қоғамдық кеңестердің жұмысына белсенді қатысады» деді Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің баспасөз қызметі.

Президенттік жастар кадрлық резервіне үміткерлердің басты мақсаты жеке мансаптық амбицияларға емес, ең алдымен, қоғамдық мүдделерге негізделуі керек. Кадрлық резервке енудің мәні – ел игілігі үшін қызмет атқару. Осындай ұстаныммен Мемлекеттік қызмет істері агентті-

гінің бойынша Астана қаласының департаментіне қарасты қалалық басқармалардан елорданың үшінші іріктеу кезінде 3 резервші өтіп, Президенттік жастар кадрлық резервіне қабылданды.



Мейрамбек ӘШІРБЕКОВ,
Астана қаласының Цифрландыру және мемлекеттік қызмет басқармасының басшысы:

«Қызметтік жолымда әр жылдары цифрландыру саласына қатысты «Design, and Development Software» ЖШС, «Қорғас-Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» АҚ, «TEQ WORLD» ЖШС, «Click Intellect» ЖШС және «DDP biz» ЖШС секілді мекемелерде қызмет еттім. 10 жылдан аса уақыт ішінде әртүрлі салаларда цифрлық құралдарды әзірлеумен және енгізумен айналыстым. Цифрландыру бағытын таңдаудағы себебім, бүгінде цифрлық технологиялар әлемді өзгертіп, адамдардың өмір сүру сапасын едәуір жақсарта алатынына

сенімдімін. Жасанды интелект және big-data саласындағы мүмкіндіктерден шабыт аламын және заманауи мәселелерді шешудің инновациялық шешімдерін әзірлеуге үлес қосқым келеді. Осылайша біздің қоғамды болашақта тұрақты және бәсекеге қауіпті ету мүмкіндігі болады.

Президенттік жастар кадр резерві – жас көшбасшыларды қолдап, олардың дамуына бағытталған негізгі бастанам. Жастардың көшбасшылық қабілетін дамытуға, қоғамдық және мемлекеттік өмірге атсалысуға, сондай-ақ елдің болашағын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл білікті кадрлық әлеуетті құруға ықпал етеді және қоғамның тұрақтылығы мен өркендеуін қамтамасыз етеді».



Жанасыл ШӘУКЕНТАЕВ,
Астана қаласы әкімі аппараты басшысының орынбасары:

– Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлауалды бағдарламасы аясында «Президенттік

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ ЖАСТАР

Елімізде мемлекет мәртебесін көтеретін, адал қызмет етіп, келешек ұрпақтың қамын ойлайтын жастарды жұмысқа тұрғызу үшін жасалып жатқан мүмкіндіктер қатары аз емес.

Атап айтқанда, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік тапсырыс шеңберінде білім беру ұйымдары (GPA 3.33-тен жоғары) аяқтаған түлекке 1 жыл ішінде облыстардағы аудан, ауыл деңгейіндегі төменгі мемлекеттік лауазымдарға конкурссыз орналасу мүмкіндігі, «E-Quzmet» жүйесі арқылы мемлекеттік қызметке іріктеудің қанатқақты жобасы және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың Өңірлік кадр резерві жүзеге асып жатыр.

Соның бірі, Өңірлік кадр резервіне іріктеу алғаш рет өткізілуде және оны еліміздің әр өңіріндегі кадр комиссиясы жүзеге асырады. Іріктеуге 35 жастан аспаған, жоғары білімі және 3 жылдан кем емес еңбек өтілі бар Қазақстан Республикасының азаматтары қатыса алады.

Астана қаласының өңірлік кадр резерві әлеуметтік сала, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және инфрақұрылым, экология, цифрландыру бағыттары бойынша жүзеге асады.

Бұл жобаға құжат қабылдау ағымдағы

жылдың 1 наурызға басталып, 31 наурызға дейін жалғасады. Өңірлік резервке қатысу үшін үміткерлер тиісті құжаттарын тапсырып болғаннан кейін, заңнаманы білу бойынша тестілеу, жеке қасиеттерін және ассесмент-орталық жүргізетін құзыреттерді бағалау, комиссиядағы құрылымдық сұхбат кезеңдерін өтуі тиіс. Осы кезеңдерден сүрінбей сәтті өткен үміткерлер өңірлік резервке екі жыл мерзімге алынып, олар туралы ақпарат Агенттіктің интернет-ресурстарында, сондай-ақ опіг. rkrezerv.kz онлайн-платформасында жарияланады.

Ал мемлекеттік қызметке іріктеу бойынша шетелдерде де осыған ұқсас жобалар бар. Атап айтатын болсақ, Мемлекеттік басқару және өнеркәсіптік

менеджмент мектебінің қызметіне ерекше назар аударылатын Жапонияда кадрлық резервтерді дайындаудың қызықты тәжірибесі жинақталған. Бұл мектептің түлектері, тәжірибе көрсеткендей, елдің саяси және экономикалық көшбасшыларына айналады.

Ұлыбританияда мемлекеттік қызметтегі кадрлық резервпен жұмыс «Жылдам ағын» бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады. Бұл резервтен бос лауазымға және керісінше кадрлардың жылдам ротациясын жеңілдетеді.

АҚШ-та мемлекеттік қызметшілердің кадрлық резервін іріктеу және онымен жұмыс істеу жүйесі, негізінен, америкалық коммерциялық фирмалардың кадрлық саясатының тәжірибесіне негізделген. General Motors, General

Electric, Microsoft сияқты ірі корпорацияларда кадрлық резерв технологиясының мәні қарапайым: компания қызметкерлерінің арасынан келешегі зор қызметкерлер іріктеліп алынады, олар кейіннен басшылық қызметтерді атқара алады.

Халықаралық тәжірибеге қарай отырып, әрқайсымыз жаңа Қазақстанның құрылуына үлес қосып, жаңа рухани өркениетіміздің негізін қалауға, қолдауға, қорғауға атсалысайық! Қазақстанның жаңарған келбетін қалыптастыру жастардың міндетіне айналысын!

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті



ЕЛОРДАНЫ ҚАЛДЫҚ СУДАН ҚАЛАЙ ТАЗАРТАМЫЗ?

Қазіргі кезде елорданың ең түйткілді мәселесінің бірі – қалдық суды тазарту. Бас қалада жалғыз ғана кәріз тазарту қондырғысы бар. Алайда оның жұмыс жүктемесі шамадан артық. Мәңгілік ел даңғылы, Керей-Жәнібек хандар көшесі және Тұран даңғылы арқылы өтетін магистралды коллектор 16 жыл бұрын салынған. Ұзындығы 6 шақырымға созылатын коллектордың жұмысында апат та, ақау да, үзіліс те көп болады. Соның нәтижесінде тазарту қондырғылары арқылы ағызылатын қалдық су Есіл өзенін лаптап жатыр. Қазір қолданыстағы бұл құбырды одан әрі пайдаланудың салдарынан ағынды су жер бетіне көтеріліп, бірқатар көшені басып қалуы мүмкін. Өзекті мәселе қалай шешіледі? Қала билігі бұл мәселені шешудің қандай жолын ұсынып отыр? Осыған келейік.

**Төлен
ТІЛЕУБАЙ**

КӘРІЗ АҒЫНҒА ТӨТЕП БЕРМЕЙДІ

Астанадағы қалдық суды тазарту мәселесін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылы елорданы дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте ашық көтергені мәлім. Президент сол жолғы жиында Астана әкімі Жеңіс Қасымбекке қаладағы ахуалды жақсы жағына қарай өзгерту үшін бір жыл уақыт берді. Аталған басқосуда Президент қаладағы тазарту қондырғылары арқылы ағызылатын қалдық су Есіл өзенін лаптап жатқанын айтып, қатты алаңдаушылық танытты.

«Мұндайға жол беруге болмайды және ол өте қауіпті. Елордада экология талаптары қатаң сақталуға тиіс» деп мәлімдеді Мемлекет басшысы осы кеңесте.

«Әкімдікке келесі жылдың соңына дейін қалдық суды жинақтайтын Қарабидайық көлін кеңейтуді тапсырамын. Қазір тазарту қондырғылары арқылы ағызылатын қалдық су Есіл өзенін лаптауда. Үкімет осы ағызылатын қалдық су көлемін нормативтік тұрғыдан реттеуі қажет. Елордада экология талаптары қатаң сақталуға тиіс. Сондай-ақ жауын-шашын болғанда көшелерді су басып кетеді. Бұл да өзекті мәселе болып отыр» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент өткір әрі өзекті мәселе – қалдық суды тазартуға ерекше назар аударды. Қазір қалада бір ғана кәріз тазарту қондырғысы бар екенін, яғни оның жұмыс жүктемесі шамадан тыс болып тұрғанын ескертті.

«Бүгінде тәулігіне қосымша 140 мың текше метр суды тазарту қажет. Осындай екінші қондырғы үшінші сорғы-сүзгі стансасымен қатар салынуға тиіс еді. Үшінші сорғы-сүзгі стансасы пайдалануға берілейін деп жатыр. Ал кәріз тазартудың екінші қондырғысын жобалау жұмысы әлі біткен жоқ. Жұмысты дұрыс жоспарламаудың

кесірінен түйткілдер қордалана береді. Сондай-ақ келесі жылы төртінші сорғы-сүзгі стансасын салуға кірісу керек. Тельман елді мекеніндегі сорғы стансасынан техникалық су құбырын тартудың екінші желісінің құрылысын да бастау қажет» деді Президент.

«Кәріз жүйесі су ағынына төтеп бере алмайды. Жуырдағы жаңбыр кезінде осыған тағы бір мәрте көзіміз жетті. Жаңа нәсер көрінінің құрылысы толық аяқталған жоқ. Әкімдік нақты іс-шаралар қабылдауға тиіс. Жалпы, бас қаланы сумен қамтамасыз етудің және су тартудың тиімді жүйесін қалыптастыру өте маңызды. Бұл – тұрмыс сапасын жақсартуға қажетті басты талаптардың бірі» деп нақтылады ойын Мемлекет басшысы.

КӘРІЗ КОЛЛЕКТОРЫ НАУРЫЗДА САЛЫНАДЫ

Президент сол жиында тәулігіне қосымша 140 мың текше метр суды тазартатын кәріз тазартудың екінші қондырғысын тездетіп жобалау мен салуға тапсырма берді. Ал биыл жыл басында нысанның жобалау жұмысы аяқталып, магистралды кәріз коллекторының құрылысы басталды. Осы құрылысқа орай 21 ақпаннан бастап Тұран даңғылындағы (Орынбор мен

Р.Бағланова көшелерінің арасы) жол учаскесінің бір бөлігі уақытша жабылды. Бұл туралы қала әкімі Жеңіс Қасымбек тұрғындарға арнайы ақпарат берді.

«Өздеріңіз білетіндей, 21 ақпаннан бастап Тұран даңғылындағы (Орынбор мен Р.Бағланова көшелерінің арасы) учаскесінің бір бөлігін уақытша жаптық. Қазір мұнда магистралды кәріз коллекторының құрылысы бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Бұл нысанның қалаға қаншалықты маңызды екенін қысқаша айтып өтейін. Қазіргі уақытта қаланың Есілдің сол жағалауындағы бөлігінің нысандары шаруашылықта және тұрмыста қолданатын су Мәңгілік ел даңғылы, Керей-Жәнібек хандар көшесі және Тұран даңғылы арқылы өтетін магистралды коллектордың көмегімен ағызылады. Коллектор 16 жыл бұрын салынған. Оның ұзындығы – 6 шақырым» деп жазды әлеуметтік желідегі парақшасында елорда әкімі.

Жеңіс Қасымбек бас қаланың қарыштап дамып, ағынды судың көлемі ұлғайғанын атап айтты. Ал коллектор өз мүмкіндігінің шегінде ғана жұмыс істейді. Коллекторға түсетін жүктеменің артуына байланысты оның жұмысында іркілістер болады, ал апаттық және қалпына келтіру жұмыстары күткен нәтижені бермей отыр. Елорданың дәл осы ауданында ағынды суды ағызудың өзге жолы жоқ. Ал қолданыстағы құбырды одан әрі пайдаланудың салдарынан ағынды су жер бетіне көтеріліп, бірқатар көшені басып қалуы мүмкін. Сол сияқты техногендік, экологиялық сипаттағы жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін.

«Шаруашылықта және тұрмыста қолданылатын судың қалдығын ағызуды арнайы жоба әзірледік және осы айда Тұран даңғылындағы магистралды кәріз коллекторының құрылысын бастадық. Оның ұзындығы – шамамен 8 шақырым. Аяқталу мерзімі – 9 наурыз. Құрылыс қарқынын жылдамдауды және мерзімінен бұрын жол қозғалысын қамтамасыз етуді тапсырдым» деп түсіндірді әкім.

«Шаруашылықта және тұрмыста қолданылатын судың қалдығын ағызуды арнайы жоба әзірледік және осы айда Тұран даңғылындағы магистралды кәріз коллекторының құрылысын бастадық. Оның ұзындығы – шамамен 8 шақырым. Аяқталу мерзімі – 9 наурыз. Құрылыс қарқынын жылдамдауды және мерзімінен бұрын жол қозғалысын қамтамасыз етуді тапсырдым» деп түсіндірді әкім.

Ал Полиция департаменті жол қауіпсіздігін сақтау үшін жүргізушілерге өз бағдарын алдын ала жоспарлау қажет екенін ескертті.

«Тұран даңғылындағы Орынбор мен Р.Бағланова көшелерінің аралығында инженерлік желілерді төсеу жұмысы жүргізіледі. Осыған байланысты 21 ақпан мен 9 наурыз аралығында көлік қозғалысы екі бағытта да шектеледі. Астана әкімдігінің мәліметінше, іргелес учаскелерде тиісті жол белгілері орнатылып, бағдарламдардың жұмыс тәртібіне түзетулер енгізілді. Қосымша ақпараттық белгілер орнатылды. Баламалы бағыттар – III. Айтматов көшесі мен Қабанбай батыр даңғылы. Жаяу жүргіншілер де сақ болуы керек» деген хабар таратып, автокөлік жүргізушілерін де, жаяу жүргіншілерді де құлақтандырды.

«Елорданы дамытуға қатысты барлық мәселені жан-жақты ойластырып шешу маңызды. Ол үшін «Астананың мәртебесі туралы» заңға шұғыл түрде тиісті өзгерістер енгізу қажет. Заң арқылы әкімдіктің құзыреті мен жауапкершілігін күшейту керек. Астана түрлі деңгейде оны тиімді әрі сапалы басқару қажет. Жалпы, Астананы өркендету үшін, ең алдымен, әкімдік, кәсіпкерлер және тұрғындар арасында сенімді серіктестік орнату қажет. Басты міндет – әрбір азаматтың тұрмыс сапасын жақсарту. Осыны дұрыс түсінген жөн» деген еді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылдың жазындағы алқалы жиында.

Қала басшылығы Президенттің айтқан сынынан қорытынды шығарып, қалдық суды тазарту мәселесін шешу үшін нақты іс-әрекеттерге көшкенін көріп отырмыз. Ал Президент тапсырмасының қалай орындалатынын уақыт көрсетер.

ТАПШЫЛЫҚ БОЛА МА?

Біріккен Ұлттар Ұйымының 2023 жылға арналған дүниежүзілік суды дамыту есебінде әлем елдері халқының 26 пайызында таза ауыз су көзі жоқ, ал 46 пайызы антисанитарлық жағдайда өмір сүреді деп көрсетілген. Яғни 3,5 миллиардқа жуық адам жылына кемінде бір ай су стресінде өмір сүреді. Соңғы 40 жылда жанандық суды тұтыну жылына шамамен 1 пайызға өсіп келеді.

Ф алымдар дүние жүзіндегі судың 70 пайызы егін шаруашылығына кететіндіктен, салада суды үнемдеу технологиясын енгізуді кешіктірмеуді, өнеркәсіптен шығатын суды қайта өңдеп, қолдануды көтеріп, дабыл қағуда. Қазір судың маусымдық тапшылығы Орталық Африка, Шығыс Азия және Оңтүстік Американың кейбір аймағында сезіле бастаса, Таяу Шығыс пен Орталық Азияда су тапшылығының қаупі арта түсті.



Халықаралық ұйым су тұтыну бойынша әлемде көшбасшы елге Түрікменстанды жатқызады. Бұл ел жылына жан басына шаққанда 5319 текше метр суды тұтынады. Қазақстандықтар жан басына шаққанда бір жылда – 2345 текше метр, Өзбекстан – 2295 текше метр, Қырғызстан – 1989 текше метр, Тәжікстан 1895 текше метр суды өз мақсатына қолданады. Демек, салыстырмалы түрде біздің елде суды тұтыну деңгейі жоғары. Бұл – ойлантатын күрделі мәселе. Өйткені біздің елге келетін су көздері трансшекаралық өзендерге байлаулы. Су біздің кемелді келешегіміздің кепілі десек, қазірден бастап жүйелі жұмыс атқаруымыз керек. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында су тапшылығының алдын алуға су шаруашылығы жүйесін тиімді жүргізуді, трансшекаралық суларды ұтымды пайдалануды Үкіметке шешуді тапсырды. Соған сай, су ресурстары және ирригация министрлігі құрылғалы жарты жыл өтті. Министрліктің нақты бағыт-бағдары, жүйелі жоспары қандай? Бұл сұраққа нақты жауапты қашан, қалай аламыз? Аманат партиясының «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасы 10 басымдықты қамтыса, соның ең негізгісінің бірі – су мәселесін шешу.

Жауапты ведомство суды стратегиялық басымдық етіп, нақты қандай нәтижеге қол жеткізе алады? Бізге маңыздысы – осы. Сондықтан мына ұсыныстарды қарастыруды сұраймыз:

1. Суды үнемдейтін озық технологияларды енгізіп, инфрақұрылымын жетілдіру қажет. Технологиялық процесс ауыл шаруашылығынан ірі өндіріс саласына мейлінше қамтылуы маңызды. Әсіресе өндіріс орындарында суды қайта өңдеп қолдануда енгізу тиіс.

2. Мемлекетаралық комиссияларда ел мүддесіне сай трансшекаралық өзендерден алатын судың нақты көлемін белгілеп, ел аумағында тездетіп су қоймаларын салуды шешу керек.

3. Барлық салаға қажетті суды цифрландырып, «көлеңкелі су нарығын» шектеу керек. Онсыз суды үнемдеу мүмкін емес.

4. Шаруашылық су мен ауыз судың нормативін анықтап, көлік жуу орталықтарына ауыз суды қолдануды шектеу керек. Мәселен, Шымкент қаласы бойынша су тұтыну тәулігіне орта есеппен 198,9 мың текше метрді құрайды. Оңтүстіктегі мегаполисте 195 көлік жуу орны бар. Бұл ресми тіркелген көлік жуу орны ғана. Енді қарапайым арифметика бойынша есеппен көрейік, бір автокөлікті толық жууға 50-60 литр су кетеді. Сонда бір тәулікте 195 көлік жуу орнында 10 көліктен жуғанда 975 мың литр су, яғни 975 мың шаршы метр су шығындалады. Бұған ел аумағындағы қалалар мен кенттердегі мыңдаған көлік жуу орындарын қосыңыз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев айтқандай, 2050 жылға қарай Орта Азиядағы қуаңшылық жылына ЖІӨ-нің 1,3 пайыз мөлшерінде зиян келтіруі мүмкін. Өзекті мәселеге қазір мойын бұрып, іске кіріспесек, ертең кеш болады.

**Данабек ИСАБЕКОВ,
Мәжіліс депутаты**



ЕРМЕКОВТИҢ ЕСІМІ – ЕРЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК

Бүгінгі таңда білім беру ұйымдарына ел-жұрт үшін ерен еңбек еткен есіл ерлердің есімін беру жақсы үрдіске айналып келеді. Соңғы жылдары Астанада көптеген көше мен мектеп атауға ие болды. Атап айтқанда, былтырдан бері осы күнге дейін 70-ке жуық көшеге көрнекті тұлғалар мен жер-су аттары, 20-ға тарта мектепке, 2 мәдени ошаққа белгілі адамдардың есімі берілді. Астанадағы іргелі білім беру ошағының бірі саналатын №38 мектеп-лицейге қазақтан шыққан тұңғыш математик-профессор, Алаш зиялыларының соңғы тұяғы, қоғам және мемлекет қайраткері Әлімхан Ермековтің ардақты есімінің берілуі ұжым мүшелерін қуанышқа кенелтті. Қазақтың жалпақ тілімен айтсақ, «Ақ түйенің қарны жарылған күн» деп сүйіншілесек те артықтығы жоқ.

Қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, ақын, драмасы, ұлттық әдебиеттің классигі Лияс Жансүгіровтің: «Өз елін, өз ерлерін ескермесе, ел тегі алсын қайдан кемеңгерді?» деп жырлағанындай, ұзақ уақыт бойы өз ерлерімізді елеп-ескермей, жаттың жақсысына жармасып, сөзіне тамсанып келдік. Ол халқымыздың кінәсінен, еліміздің ездігінен емес, күніміздің біреуге қараған кіріштілігінің салдары еді. Талай асылымыз бен жасынымызды жер қыла жамандап, атын атамақ түгілі, есімін де ескермей, елеусіз қалдырдық. «Әр заманның тұсында бір сұрқылтай» демекші, елдің тізгін-шылбыры жаттың қолында болып, соның айтқанына көніп, айдағанына жүріп, жетектегі аттай өмір сүрдік. Кешегі темір тегеурінді кеңес-совет заманының идеология шырмауынан шыға алмай, қағынан жеріген құланды өз көсемдеріміз бен шешендерімізден жерініп, ата-бабаларымыздың өсиетін тәркі еттік. «Жат жарылқамайды, өз өлтірмейді» деген ұлағатты сөздің қадіріне жетіп, қасиетін бағаламай, жаза бастық. «Күлшелі бала күліп жейді, жапырағын жұлып жейді» деп жат жұрттың қас-қабағына қарадық. Олар бізге тәуелді мен тәуелсіздік ұғымдарының аражігін ажы-

ратып, ұғындырып бергендей болды. «Өзіңді-өзің жаттай күт, жат жанынан түңілісін» деген қазақтың мақалындай, дербес ел болмай, көсемеміз көгермейтіні ақиқат еді. Екі тізгін, бір шылбыр қолымызға тиіп, тәуелсіз ел атанған сәттен бастап етек-жеңімізді жинай бастадық. Еліміздің шаруашылық, мәдениет, ғылым, білім, тіл, ішкі-сыртқы саясат сінды алуан қырлы мәселелерін ешкімге жалтақтамай, өзіміз шешетін дәрежеге жеттік. Мектебіміз Әлімхан Ермековтің аяулы есімін алған мезетте тебіренбеген жан кемде-кем болды. Ер еңбегі еленбей қалмайтынына көзіміз әбден жетті. Әлекеңнің ұлы рухы жаңа буын, жас ұрпақпен көзге шалынбайтын аса нәзік саулелер арқылы қауышқандай күй кештік.

Әлімхан Әбеуұлы Ермеков – сан қырлы талант иесі. Ол ғалым-ұстаз ретінде ЖОО мен техникалық жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған «Ұлы математика курсы» атты еңбегін жазып, оқу құралы етіп ұсынды, ғалымның математикалық терминдерді қазақ ұғыммен астастыра беруі, оның шәкірт түсінігіне оңай, ұғынықты ықпал ететінін өмір өзі дәлелдеді. Белгілі жазушы Әнес Сарай: «Ахаңның жазуы (төте жазу) қазақтың миына

сәйкестендіріліп жасалған, миына құйылып тұрады» деп жазғанындай, Әлімхан Әбеуұлының жасаған математикалық терминдері де қазақ баласына сондай ұғынықты әрі түсінікті болды. Әлімхан Әбеуұлы Ермеков – энциклопедиялық білім иесі, ол өз заманында саяси, ұлттық, мемлекеттік мәселелерге де білек сыбана атсалысты. Қазақ тарихындағы ең атышулы, ұрпақтан-ұрпаққа үзілмей жалғасып келген екі дау бар. Ол – жер дауы және жерсіз дауы. Алаш қайраткерлерінің басты ұстанымы жерге байланған автономия құру болатын. Жерсіз ұлт, мемлекет болмайтынын, болашақ жоғын Алаш зиялылары өте жақсы түсінді. Құнанбай қажы Өскенбайұлының: «Халық өседі, жер өспейді» деген сөзінің маңызы мәңгілік өзекті болып қала береді. Біз мемлекеттік дербестікке қол жеткізгеннен бері территориялық (жер) даудан аманбыз. Бүгінгі әлемде 9-орынға ие болып отырған қазақ мемлекеті жер көлемінің аумағын негіздеп, іргетасын қалап, бекітіп берудегі Алаш қайраткерлерінің еңбегі ұшан-теңіз. 1920 жылы тамыз айында Кремльде В.Ленин мен И.Сталиннің қатысуымен үлкен жиын өтеді. Оған әйгілі Алаш зиялылары Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатұлы,

т. б. қатысты. Осы жиналыста қазақ жерін тұтастандыру жөнінде 29 жастағы Әлімхан Ермеков 7 сағаттай баяндама жасап, қазақ жерлері тарихи, саяси, шаруашылық, демографиялық, мәдени-тұрмыстық тұрғыдан нақты фактілермен, бұлтартпас мысалдармен дәлелдеп береді. Соның нәтижесінде Ақмола, Семей губерниялары мен Қостанай уезінің Ресейдің Челябині облысына қарап кеткен қазақ жерлері республикаға қайтарылады. Сол уақытта қазіргі қазақ жерінің тұтастығы мен шекарасын шегендеудегі Әлімхан Әбеуұлының еңбегі аса зор серпіліс туғызды. Бүгінгі таңда еліміздің мәдениет, ғылым, білім беру мекемелеріне Алаш қайраткерлері есімдерінің беріле бастауы тәуелсіз еліміздің білім беру саласына соны серпін беретіні дау туғызбайды. Қаламыздағы іргелі білім беру ошағының бірі саналатын №38 мектеп-лицейге Әлімхан Ермековтің біртуар тұлға есімінің берілуі ұстаздар ұжымы мен оқушылар қауымы үшін мақтаншы әрі жауапкершілік жүктейді. Мектеп-лицей жаратылыстану-математика бағытындағы білім беретін ұйым қатарында болғандықтан, ұлы ғалымның еңбектерін басшылыққа ала отырып, тың бастамаларға ұйытқы болады деп үміт арттымыз. Мектебімізде Әлімхан Әбеуұлының есімін ұлықтау мақсатында көптеген іс-шара ұйымдастырылды. Мектептің өнерпаз оқушыларының ұйымдастыруымен концерт беріліп, онда өнерлі балалар ән-күй орындап, Әлімхан Әбеуұлына арнаған өлеңдерін оқып берді. 9 «Ә» сынып оқушысы Хамит Сәкен Алаш ақыны С.Торайғыровтың «Таныстыру» өлеңін оқып, көпшілікті риза етті. Ол өлеңінде ақын Әлімхан Әбеуұлының Әлихан Бөкейханнан кейінгі екінші тұлға екенін айтып, күллі қазақ жар салады. Бұл өлеңді естігенде толқып-тебіреніп, тұла бойыңды жігер билеп, шабыттанысың. Ол өз өлеңінде Әлімхан Әбеуұлы халқының жел жағына пана болған асқар таудай асқақ бейнесін өлеңмен өрнектеп, жастарға үлгі-өнеге етіп суреттейді. Салтанатты жиының соңында мектеп басшысы Қ.Мұқанов мектептің тұтас қабырғасына ойып салынған Әлімхан Әбеуұлының алып мүсіні қашалған ескерткіш тақта барельефтің шымылдығын айқара ысырып, сүйіншілеп тұрып ашып берді.

Мектеп-лицей ұжымы – мұғалімдер мен оқушылар зор жауапкершілікпен болашаққа нық қадам жасады, осы үшін сөзде, істе, тілде бір бұла – мақсат.

Мәулетқали РАХЫМБАЕВ, Әлімхан Ермеков атындағы №38 мектеп-лицейі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, ҚР білім беру ісінің үздігі

ҰМЫТЫЛМАС КҮН

6 жасар, биылғы оқу жылында 1-сыныпқа барар кезім. Әне-міне дегенше жаз да аяқталып, күз де келді. «Сабақтың да басталатын уақыты таяды» деп анам мектепке қажетті анау-мынауды дайындап әлек боп жүр.

Ал мен болсам сабаққа тіпті зауқым жоқ. Жаз бойы ойынды қимадым. Амал не?! Бару керек. «Мектепке барған, сабақ оқыған жақсы ғой, балам» деп анам мені жігерлендіріп қояды. Міне, сабақ та басталды. Мектепке бардым. Мектеп табалдырығын бір түрлі имене аттағаным есімде, бойымда бір қорқыныш бар сияқты. Бір кезде іштен бір мұғалима апай шықты да, менің әлденеден жасқанып тұрғанымды байқап, «жүре ғой» деп қолымнан ұстап, ерте жөнелді. Сол-ақ екен, мен бағанағы бойымды билеген қорқыныштың бәрін ұмытып, әлгі апаймен бірге алшандай басып, сыныпқа кірдім. Сыныптың іші толған өзім қатарлас балалар. Қатты қуандым. Мектептегі алғашқы күннің 4-5 сабағын өзім секілді балалармен бірге өткізген сәтте анамның айтқан сөзін



есіме алдым. Иә, шынымен де, мектепте оқыған қандай жақсы! Бұл өмірімдегі ең бір ұмытылмас күн болды. Себебі сол күні мен өзіме жаңа достар таптым.

Дінмұхаммед АСАНТЕП, Сырбай Мәуленов атындағы №37 мектеп-лицейдің 6-сынып оқушысы

БІР МЕЗЕТТЕ КҮЙ ШЕРТЕДІ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Іс-шара өскелең ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік құндылықтар мен патриоттық сезімді қалыптастыруға, елдің мәдени мұрасын жалғастыруға, балалар арасында домбырада ойнауды насихаттауға бағытталған.

– Домбырашылар челленджінің мақсаты – балалар мен жастардың мұғалімдер мен ата-аналардың музыкадағы шығармашылық жетістігін көрсету және домбыраны дәріптеу. Шараға барлық ниет білдіруші қатыса алады. Бұл челлендж былтыр алғаш рет

өтті. Домбыраның күмбірлеген үні бір уақытта барлық білім беру ұйымында айналды. Бұл – еліміздің мәдени өмірі үшін елеулі оқиға. Шаралар «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында өтеді, – дейді тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаментінің директоры Меруерт Медетбекова.

Айта кетейік, биыл Наурыз мейрамы еліміздің барлық жалпы білім беретін мектебінде 14-23 наурыз аралығында өтеді. Осы күндері тақырыптық челлендждер, жалпыұлттық экология акциялары және ұлттық ойындардан түрлі жарыс ұйымдастырылады.



ӨЗ ІСІНІҢ ШЕБЕРІ

№32 мектеп-гимназияда 8 жылдан бері жаттықтырушы Жантай Орманшин 3 топтың оқушыларын баскетболға баулып, түрлі деңгейдегі турнирлерде топ жаруына ұйытқы болып келеді.

Оның шәкірттері Астана қаласы мен ел чемпионатында 3 рет чемпион атанды. Спорт саласындағы үлкен жетістігінің бірі – Францияда халықаралық мектеп лигасында 6-орын алуы. Халықаралық турнирде шәкірті Мірас Жексебай үш ұпайлық соққыдан әлем бойынша 2-орынға ие болды. Білім ордасының 6 спортшысы Қазақстанның MVP үздік ойыншысы атанды.

Тәжірибелі жаттықтырушы оқытудың түрлі әдіс-тәсілін қолдана отырып, жаттығуды қызықты әрі жүйелі өткізеді. Бастысы, шәкірттерімен жақын сөйлесіп, сырласып, рухтандырып отырады. Оқушыларға жеке-жеке мақсатын белгілеп, талап қойып, сенім артады. Буын сабақтастығына ерекше мән беріп, бірлескен жаттығуларды жиі-жиі өткізеді. Жас баскетболшылардың техникалық

және тактикалық шеберлігін шыңдау мақсатында қалалық турнирлерге ұйытқы болып, командасы ойын тәжірибесін жинауға мән береді.

Жантай Орманшиннің жетістігі өз мамандығына деген зор сүйіспеншілігінен көрінеді.

Қымбат ЗЕЙНЕЛОВА, №32 мектеп-гимназиясы директорының орынбасары

№31 (4619) 14/03/2024 Бейсенбі

(Жалғасы. Басы газетіміздің №30 (4618) санында)

1954 жылғы 23 ақпан мен 3 наурыз аралығында Мәскеуде КОКП ОК пленумы өтеді. Пленум «Тың және тыңайған жерді игеру арқылы астық шаруашылығын көбейту» және «2-3 жылдың ішінде еліміздегі халықты азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету» туралы қаулы қабылдаған.

Елде алғашқы 3 жылдың өзінде 32 млн гектардан астам жер жыртылған. Бір кезде облыста басшылық қызметте болған Ж.Ф.Ысқақов өз естелігінде: «Путь Ильича» ұжымшарының басқарма төрағасы С.Ш.Сихватуллин деген өте білімді, іскер жігіт еді. Егістік жері 5 мың гектар еді, тыңға шабуыл деп аттан салғанда тағы 5 мың гектарды жыртып тастадық. Кішкене шаруашылық үшін, әрине, бұл көп көлем еді» деп жазғандай, жыртылған жерде шек болмаған.

1954 жылдың көктемінде Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді игеру жұмысы жаппай басталды: Ақмола, Көкшетау, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан сияқты республиканың бес облысында, сонымен қатар, аз мөлшерде болса да, Орал, Ақтөбе, Семей, Қарағанды, Алматы облыстарында тың игеру жұмысы басталып кетті. «Тың игерудің» алғашқы жылының өзінде Қазақстанда 8 миллион 531 мың гектар тың және тыңайған жер игерілді. Оның ішінде 1710 гектары – Қостанай, 1644 гектары – Ақмола, 1428 гектары – Көкшетау, 1021 гектары – Павлодар, 759 мың гектары Солтүстік Қазақстан облысында игерілген. Сол жылы Оралға 560 мың гектар тың және тыңайған жерді игеру, Ақтөбе облысына 446 мың гектар жер қарасты болды. Бұл жұмысқа Қазақстанның 1967 колхозы, 216 совхоз және 283 МТС қатысты.

Сол уақыттарда «Отан үшін бейбіт уақытта құрбан болу» ұраны үстем болып, халық ауылшаруашылық реформасынан жақсы нәтиже күтіп үміттенді де. Еліміздің барлық жеріне жүгері, шаршы ұялы әдіспен өртүрлі дақыл егілді. Н.С.Хрущевтің «жаңа бағыты» «бақытты болашаққа», елімізді аграрлы өркендетуге бағытталды. «Агроқалалар құру», «тың игеру эпопеясы», «мәдениеттің өркендеуі», «жүгері – дала аруы», «бұршақ – дала серісі», «ет, сүт, май өнімдерін өндіруде Американы қуып жетіп, басып озу» ұрандары ауыздан-ауызға таралды. Алайда болжамның нәтижесі ғылыми мекемелерде, жоспарлы органдарда ғылыми түрде жобаланбай, реформа экономикалық тұрғыдан есептелген жоқ. Реформа жүргізуде волонтерлік көзқарас үстем болды.

1954 жылдың өзінде тың көтеру жөніндегі жоспар артығымен орындалды. Қазақстанда 6,5 миллион гектар тың жер жыртылды. Астықтың жалпы түсімінің мөлшері 7650 тоннаға жетті.

1950 жылы Қазақстанда 7854 гектар жерге дән себіліп, одан 4,7 миллион тонна астық жиналған болатын. 1955 жылы егіс көлемі 1954 жылмен салыстырғанда екі еседен аса көбейіп, 20,6 миллион гектар жер жыртылғанмен, ауа райының қолайсыздығынан 4750 тонна ғана астық алынды. Тың игерушілер айтарлықтай көрсеткіше 1956 жылы ғана жетті. Бұл жылы 16 миллион тонна астық жинады. Тың жерлерді игеруге қатысты алуан түрлі пікір бар. Мәселен, Т.Жұмасұлтанов 2004 жылы жарық көрген «Тыңға 50 жыл» кітабында: «Нақтырақ тоқтала кететін бір жайт, 1939-59 жылдар аралығында Қазақстан халқының саны тек

ТЫҢ ЭПОПЕЯСЫ: ТАРИХ ТАРАЗЫСЫНДА



қаңа 481 мыңға өссе, ал 1959-79 жылдары 2,5 миллионға жетті. Ал енді одан кейінгі 20 жылда 2,7 миллионға өсті. 1970 жылдардың бірінші жартысында табиғи өсім жақсы болды. 1954-60 жылдар аралығында 25,5 миллион гектар тың жер игерілген. Компартияның басты мақсаты 1950 жылдардың бас кезіндегі азық-түлік тапшылығын жою болды. Содан сан жағына көп мән берілді. Екі жылда орасан зор жерді игеріп, өнім алу керек болды. Миллиардтаған пұт астық алынып, Қазақстан келіп қалған азық-түлік дағдарысының алдын алды деп айтуымызға болады» деп жазады. Әрине, «Тың Қазақстанға ғажайып өзгерістер әкелді» деген сөздерді жиі естиміз. Әрине, оның шындығы да жоқ емес. Бірақ бұл «ғажайып өзгерістер» қандай бағамен келді?!

Тың игерілген аудандардың географиялық, ұлттық-этнографиялық, экологиялық бейнесі өзгерді. Географиялық картада ұлттық мазмұнынан айырылған елді мекендер жаппай бой көтерді. Мәселен, «Московский», «Астрахань», «Горький», «Бауман», «Симферополь» және тағы басқа осындай атаулар көбейді. Л.И.Брежнев «Тың» кітабында тыңның 90 жаңа қаланың өмірге келуіне септігін тигізгенін жазады.

Қазақстанға 1954 жылдың наурыз айына дейін 250 мың, ал 1956 жылы 640 мың тың игеруші қоныстанған. Олар, негізінен, Ресей, Украина, Беларусь қалаларынан келген еді. Жеткіліксіз жұмыс күші кеңес армиясы қатарынан босатылған жауынгерлермен де толықты. Мемлекет бағыс аймақтардан тыңға қоныс аударған отбасыларға көп қаражат бөлген. Республиканың ауыл шаруашылығына алғашқы екі жылда 6105 миллион сом қаржы жұмсалған. Бұл төртінші бесжылдықта жұмсалған барлық қаржыдан төрт есеге жуық көп. 1954-1958 жылдары Қазақстанда 337 жаңа совхоз ұйымдастырылды. Мемлекет совхоз құрылысына 10814 сом қаржы жұмсаған. Алайда осы тұста тарихшы ғалым Т.Омарбековтің «Біз тың игеру ісіне мемлекеттің қыруар қаржы бөлгені туралы талмай, қайта-қайта айтқан кезде мына маңызды мәселені естен шығарып аламыз: Қазақстан тыңнан мемлекет тек қана пайда түсірді және одан мемлекет ешқандай (егер ақша қаражатымен есептейтін болсақ) зиян шеккен жоқ. Қазақстан экономистері тыңды

игеруге кеткен шығынның алғашқы жылдардан бастап ақ таза табыспен өтелгенін есептеп шығарып қойған. 1954-1962 жылдардың ішінде Солтүстік Қазақстанның жаңа жыртылған жерлеріне егілген астығы мемлекетке 649 млн таза пайда бергенін КСР-дің Орталық статистика басқармасы да есептеп шығарды» деп жазғанын келтіргенім де жөн.

Республиканың өзге ауыл шаруашылығы аудандарының есебінен тыңға құрылыс материалдары, техника үсті-үстіне әкелінді. 1953 жылмен салыстырғанда 1956 жылы тыңға әкелінген тракторлардың саны 213 пайызға, комбайндар 232 пайызға артқан. Мәселен, 1958 жылғы республикада 40 мың шындығы да жоқ емес. Бірақ бұл «ғажайып өзгерістер» қандай бағамен келді?!



әрі өрісету туралы қаулысы қабылданып, нәтижесінде 1954-1960 жылдары 26484 гектар жер жыртылған.

1954-1955 жылдары КОКП ОК Қазақстанға тың жерлерді игеруде аудандық буынды нығайту үшін 176 жауапты қызметкерді аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқаруға жібереді. МТС және совхоз директорлығына 250 адам тағайындалды. Тың игеруге екі жылда орталықтың жолдамасымен 26 мыңға жуық коммунист жіберілген. Басшы жұмыстарға сәрттен келгендерді отырғызу әдетке айналады.

1949-1953 жылдары еліміз Одаққа жылына 111 млн пұт астық тапсырса, 1954-1958 жылдары 521,4 млн пұт астық өткізді. Ал 1956 жылы 1,483 млн пұт астық жинап, 1 млрд пұт астық тапсырған. Алайда одан кейінгі жылдары астық өндіру 1953 жылғы мөлшерден сәл ғана асқан. Сол жылдары АҚШ, Канада, Аргентина, Франция мемлекеттерінен астық сатып алынған. 1958-1965 жылдары 3 миллион гектарға жуық егістік жер құнарсыздығына байланысты айналымнан шығарылған.

Тың игерудің пайдасына шешілген нанымды аргумент ретінде Челябинь облысының «Петропавль» Солтүстік Қазақстан облысының «Ленин жолы» деген екі шаруашылығының қайтадан игерілген жерлердің бір гектарынан 22 және 30 центнер өнім алған (өзінен-өзі күмәнді) еске алған тәжірибесі алынды. Осыны негізге ала отырып, Қазақстан, Сібір, Оралдағы тың аудандары мен басқа да аудандарда



Қазақстанға 1954 жылдың наурыз айына дейін 250 мың, ал 1956 жылы 640 мың тың игеруші қоныстанған. Олар, негізінен, Ресей, Украина, Беларусь қалаларынан келген еді. Жеткіліксіз жұмыс күші кеңес армиясы қатарынан босатылған жауынгерлермен де толықты

есе артық. 1954-1958 жылдары Қазақстанда 337 жаңа совхоз ұйымдастырылды. Олардың құрылысына мемлекет 10814 миллион рубль шығын шығарды. Негізгі өндіріс қорлары 1953 жылы 276 млн рубль болса, 1965 жылы 2,6 млрд рубльге дейін өсті, яғни 10 есеге артық.

Тыңға ауқымды материалдық қорлар тартылды. Елдегі және республикалардағы егіншілікпен айналысатын басқа аудандардың есебінен тың игеру аймағына құрылыс материалдары мен техникалар жіберілді. 1956 жылғы 1953 жылмен салыстырғанда трактор саны 213 пайызға, ал комбайнмен қамтамасыз ету 237 пайызға өсті. Соған орай трактор паркі де өсті. Егер 1958 жылы республикада 40 мыңға тарта трактор тіркелсе, 1960 жылдың басында олардың саны 156,2 мыңға жетті немесе 4 есеге, ал комбайндардың саны 4,3 есеге артты. Мүмкін сол уақытта басқа бір ауданға сондай мөлшердегі техника аз жеткізіліп, олардың әлеуметтік-экономикалық дамуына кері әсерін тигізген шығар.

«Тыңға шабуыл» ешқандай дайындықсыз, тез басталды. «Соқаның жүзі қара топырақты құнарлы жерлерге де, жайылымға бай бетегелі далаға да, сондай-ақ сортаң жерлерге де салыңды. Екіпінді комсомол жастар мен интернационал бригадалар «қазақ даласының ішек-қарнын ақтарып тастады» деп жазады Ш.Мұртаза. Жүздеген, мыңдаған және миллиондаған гектар жыртылған аймақтар туралы мәлімет-рапорттар жоғарыға беріліп жатты. Тапсырманы асыра орындау үшін 6,3 миллион гектар жердің орнына 1954 жылы 8,5 миллион гектар жер жыртылды. Осы нәтижемен

тоқтауға да болушы еді, бірақ «құрметті Н.Сергеевич» бұған да қанағаттанбады.

Тың игеру тың жерлерді бағындырушылар үшін өмірлік маңызды болды, олар тың эпопеясы туралы айтылған сыны пікірлерді жүрегіне ауыр қабылдады. Тың игеру тарихында шынайы романтикалық, жанкештілік, жаңашылдық аз болған жоқ. Ешкім де бұл жағдайлардың болғанына, өңделмеген және себуге жарамды жер телімдерін пайдалану қажеті секілді күмән келтіре алмайды. Бұл жерде сөз 35 миллион гектар жерді талқылаушы, қысқа мерзімде жыртудың қаншалықты ақталғаны туралы, бұл науқанның экологиялық және демографиялық, әлеуметтік-экономикалық зардаптары туралы болып тұр. Тың жерлерді игеру саясатының жүзеге асырудағы жағымсыз көріністері тың эпопеясы барысында орын алған халық энтузиазмінің маңызын төмендеті алмайды. Тың эпопеясы жоғары қоғамдық саналы, саяси кемелденген мыңдаған адамның жанкешті еңбегінің жарқын мысалдарына толы болды. Тың игеру барысында жаңашыл бастамаларға жол ашылды. Оның бірі – студенттік құрылыс отрядтары. Жүйенің бюрократтық бұрмалауын бастан өткере отырып, студенттік құрылыс отрядтары қайта құру жағдайында жаңа өзгерістер әкелді. 1954 жылдың күзінде Қостанай облысы Таран ауданының жастары жаңа бастама көтерді. Олар республикамыздың барлық еңбекшілерін мәдени-ағарту мекемелерінің құрылыстарын салу және жөндеу, олардың жұмысын жақсартуға шақырды. Бұл бастама халық тарапынан үлкен қолдау тапты. 1955-56 жылдары ауылдағы елді мекендерде 17 мәдениет үйі, 450 клуб, 300 кітапхана, 50 оқу залы, 500-ден астам кызыл бұрыш, 10 стадион және спорт алаңы салынды, 230 елді мекен радиомен, 170 елді мекен электрмен қамтамасыз етілді.

Жаппай тың игеру жылдары совхоздар мен колхоздар тарапынан ауыл мектептерін қамқорлыққа алу кеңінен таралды. Олардың көмегімен 1957 жылы ауыл мектептерінде 2828 оқу шеберханасы, 1700 пән кабинеті жабдықталды. Совхоздар мен колхоздар 3000-нан астам оқу-өндірістік бригада мен учаскені құруға көмектесті. Тың аймақтарында тұрғын үй құрылысы жүргізіле бастады. 1954-55 жылдары тың игерілген аудандарда 853 мың шаршы метр тұрғын үй салынды. Жаңа поселкелер, автомобиль жолдары салынды, астық қоймалары тұрғызылды.

«Тыңды бағындырушы белсенділерді» жолдың, астық қоймасының болмауы еш абыр-жытқан жоқ. Үлкен еңбекпен өсірілген астық жүз мың тонна лап қырманда, соншасы дестеленген күйі ашық далада, жаңбыр мен қардың астында шіріп қалды.

Егер бұған жалқаулық пен шаруаға қырсыздықты қосатын болсақ, 15 мың трактор сынып, үнемі жөндеуде тұрғандықтан, тың эпопеясының қорытындысын шығарғанда, бұл шығындардың есепке алынғанына күмән келтіресің.

Сәуле МӘЛІКОВА,
тарих ғылымдарының
кандидаты, Солтүстік
Қазақстан мемлекеттік
архивінің директоры

(Жалғасы бар)

7 TV logo and program schedule for 7 TV channel.

7:05 «ЭН МЕН ЭНШІ»... program schedule for 7 TV channel.

31 logo and program schedule for 31 TV channel.

06:00 Эзіл студия... program schedule for 31 TV channel.

06:00 Т/п «Қуырдақ»... program schedule for 31 TV channel.

06:00 Т/п «Қуырдақ»... program schedule for 31 TV channel.

07:00 «Разминка» (каз/рус)... program schedule for 31 TV channel.

02.40 «Қызық Live» (каз.)... program schedule for 7 TV channel.

05:00 Музыка... program schedule for 7 TV channel.

06:00 «Қош келдіңіз»... program schedule for 7 TV channel.

06:00 Т/п «Қуырдақ»... program schedule for 7 TV channel.

07:05 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ»... program schedule for 7 TV channel.

06:00 Эзіл студия... program schedule for 7 TV channel.

06:00 Т/п «Қуырдақ»... program schedule for 7 TV channel.

07:00 «Разминка» (каз/рус)... program schedule for 7 TV channel.

06:00 Т/п «Қуырдақ»... program schedule for 7 TV channel.

05:00 ТЕЛЕХИКАЯ... program schedule for 7 TV channel.

06:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы... program schedule for 7 TV channel.

07:05 «ЭН МЕН ЭНШІ»... program schedule for 7 TV channel.

06:00 Эзіл студия... program schedule for 7 TV channel.

06:00 Т/п «Қуырдақ»... program schedule for 7 TV channel.

02:10 Т/п «Келесі кім?»... program schedule for 7 TV channel.

ЖЕКСЕНБІ 24 НАУРЫЗ

06:00 Әнұран... program schedule for 7 TV channel.

05:00 Телехикая... program schedule for 7 TV channel.

06:00 «Қош келдіңіз»... program schedule for 7 TV channel.

16:15 «ӘГУГАЙ» бағдарламасы... program schedule for 7 TV channel.

ЖЕКСЕНБІ 24 НАУРЫЗ

06:00 Эзіл студия... program schedule for 7 TV channel.

06:00 Т/п «Қуырдақ»... program schedule for 7 TV channel.

07:00 Эзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»... program schedule for 7 TV channel.

«Астана қаласының Мәдениет басқармасы» мемлекеттік мекемесі Отырар көшесі, 1/2 мекенжайында орналасқан Астана қаласы әкімдігінің «Бірлескен мұражайлар дирекциясы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының директоры бос лауазымына конкурс жариялайды.

– шарттарды және мәмілелерді жасайды, қажетті есептіктердің ұсынылуын қамтамасыз етеді; – еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі талаптарының орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді. Мыналарға жауапты болады: – қаржы-шаруашылық қызметіне, мүлктің сақталуына; – таза кірістің белгіленген бөлігін бюджетке уақытылы аудармағаны үшін. – Қазақстан Республикасының заңнамасымен оған жүктелген өзге де функциялары үшін. Білуге тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексін, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексін, Еңбек кодексін, Әкімшілік рәсімдік процестік кодексін, «Авторлық

құқық және сабақтас құқықтар туралы», «Мәдениет туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын, сондай-ақ ішкі еңбек тәртібі, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі. Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім: педагогикалық ғылымдар, өнер, гуманитарлық ғылымдар, әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат, бизнес, басқару және құқық; инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы және/немесе ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және/немесе жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика және/немесе қызметтер; мәдениет саласында

немесе басшылық лауазымдарда 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі. Конкурсқа қатысуға үміткер келесі құжаттарды ұсынады: – конкурсқа қатысуға өтініш; – мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме; – білімі туралы құжаттардың көшірмелері; – еңбек кітапшасының көшірмесі; – №075/у нысанындағы денсаулығы туралы анықтама. Конкурсқа қатысушылар конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде 010000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11 мекенжайы бойынша «Астана қаласының Мәдениет басқармасы» ММ, 7-қабат, 749-кабинетке қажетті құжаттарды тапсыруы қажет, анықтама телефондары: 55-01-86, 55-67-75.

ХАБАРЛАНДЫРУ «Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын түзету бойынша қоғамдық талқылаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. – «Нұра» ауданы, Қараөткел шағын ауданы, 2-үй, Шарбақкөл көшесінде «Қабылдау үшін пайдаланудан» 4 қабат + жертеле + техникалық қабатты «Әкімшілік ғимараттың құрылысына», тапсырыс беруші Оспанова Шолпан Мұхтарбекқызы; Қоғамдық талқылаулар 2024 жылғы 9 сәуірде, сағат 11:00-13:00-ден бастап Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтеді. Бекітілген нысан бойынша дәлелді пікірлер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей n.palgymzhan@astana.kz электрондық поштаға немесе қолма-қол Астана қаласы, Ә.Мәмбетов көшесі, 24-үй мекенжайы бойынша арналған жәшік арқылы жіберуге болады.

КИІЗ ҮЙ ТІГІЛДІ

Астана қаласы Байқоңыр ауданы әкімдігінің бастамасымен Наурыз мейрамы қарсаңында, ұлттық құндылықтарымызды насихаттау мақсатында алғаш рет «Киіз үй тігу» бойынша шеберлік сағаты өтті.



Қазақ елінің көне дүниетанымын көрсететін киіз үй – рухани мәдениеттің үздік үлгісі. Аталған шеберлік сағатына ауданның мектеп оқушыла-

ры қатысып, ұлттық құндылығымыздың ерекше көрінісіне куә болды.

Шеберлік сағаты барысында этнограф Ақеділ Тойшанұлы оқушыларға киіз үйді тігу техникасы мен ерекшелігін айтты. Алдымен киіз үйдің теориялық құрылымы жайында таныстырылымын тыңдаған жастар одан кейін үйді тігу барысын өз көзімен көрді. Әдет-ғұрып және салт-дәстүр орталығының қызметкерлері ғимарат алдында 12 қанат ақ орданы қалай дұрыс тұрғызу жолдарына жеке-жеке тоқталып, жастарға егжей-тегжейлі түсіндірді. Киіз үй құрылысына қажет шаңырақ, кереге, уық сынды әр бөлшегінің маңызы жайлы айтылып, жиналған жастарға насихатталды. Іс-шараға белгілі әнші Досымжан Таңатаров пен танымал актер Асылхан Төлепов қатысып, өнерін ортаға салды, білгенін жастармен бөлісті. Аталған шеберлік сағаты аудан аумағында дәстүрлі түрде жалғасын таппақ. Ұлыстың ұлы күні – әз-Наурыз мейрамы қарсаңында Байқоңыр ауданының тұрғын алаптарында да өтеді. Өтетін күні мен уақыты қосымша хабарланады.

ТУРНИРДІҢ ДЕҢГЕЙІ КӨТЕРІЛДІ

Олимпиада ойындарының чемпионы Жақсылық Үшкемпіровті еске алуға арналған халықаралық турнирде еліміздің грек-рим балуандарынан бөлек, Әзбекстан, Қырғызстан, Әзербайжан, Тәжікстан, Бельгия, Хорватия, Украина, Сауд Арабиясы және Ресейдің мықты спортшылары қатысты.

2017 жылдан бері ұйымдастырылатын турнир төртінші рет халықаралық дәрежеде өтті. 20 жасқа дейінгі жастар арасында өтетін жарыс биылғы күнтізбеге енді. Биыл Париж Олимпиадасы өтетіндіктен, турнир жылдағыдан ерте өтті. Бірқатар қатысушы ел Жақсылық Үшкемпіров турниріне Олимпиада ойындары алдындағы спорт бәсекесі ретінде маңыз беріп, мықты деген спортшыларын әкеліпті. Соңдықтан бұл жарыс деңгейі көтерілгенін айғақтады десек болады.

Турнирдің бірінші күні 55, 63, 72, 82, 97 келі салмақтағы балуандар күш сынасты.

55 келіде:

1-орын. Әлібек Амиров (АИН);
2-орын. Айбек Айтбеков (Қазақстан);
3-орын. Арсен Жұма (Қазақстан)
3-орын; Хусейн Савадов (Әзербайжан).

63 келіде:

1-орын. Ерзу Закриев (АИН);
2-орын. Дамир Ибрашов (Қазақстан);
3-орын. Махаммад Шукурзаде (Әзербайжан);
3-орын. Даниал Молдабек (Қазақстан).

72 келіде:

1-орын. Руслан Нуруллаев (Әзербайжан);
2-орын. Тайыр Амангелді (Қазақстан);
3-орын. Ырыскелді



Хамзаев (Қырғызстан); 3-орын. Ақжан Ықыласов (Қазақстан).

82 келіде:

1-орын. Ерасыл Жеңіс (Қазақстан);
2-орын. Исмаил Рзаев (Әзербайжан);
3-орын. Рамазан Пашаев (Украина);
3-орын. Жанболат Бекен (Қазақстан).

97 келіде:

1-орын. Егор Якушенко (Украина);

2-орын. Амирхон Бердіқұлов (Әзбекстан);
3-орын. Максим Аверин (АИН);
3-орын. Баһрам Құрманов (Қырғызстан).

Жарыстың алғашқы жеңімпаздары ақшалай сыйақы (1-орын – 1,5 млн теңге, 2-орын – 1 млн теңге, 3-орын – 500 мың теңге, чемпионның бапкері – 100 мың теңге) және медальмен марапатталды.

СҰЛТАН – СУРДЛИМПИАДА ЖҮЛДЕГЕРІ

Түркияның Эрзурум қаласында XX қысқы Сурдлимпиада ойындарының байрағы көтеріліп, оған 36 елден 1000-ға жуық спортшы қатысты.



Турнир бағдарламасы бойынша тау шаңғысы, сноуборд, шаңғы жарысы, шахмат, футбол және керлингтен 34 медаль сарапқа салынды. Классикалық шахматтан 12 ұпай жинаған Хорватия алтын медальға ие болса, 11 ұпай жинаған Польшаға күміс медаль бұйырды. Ал 10 ұпай жинаған Қазақстан

командасы қола медальді қанағат тұтты. Ұлттық құрама сапында Астана қаласының спортшысы әрі команда капитаны Сұлтан Қожахметов ойнап, командаластарын алға жетеледі.

– Шахматтан жарыс тартысты өтті. Біздің шахматшылар Италия, Германия, Сербия командасын жеңіп,

Украина мен Польша командасымен тең ойнады. Тек Хорватия шахматшыларымен ойнағанда сәттілік жетіспеді. Сөйтіп, 13 команда арасында 3-орын алдық. Байрақты бәсекеде ел намысын лайықты қорғадық, – деді шахматтан аға жаттықтырушы Елдос Күзербаев.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРЫСТАР ӨТЕДІ

22-25 наурыз аралығында Астана қаласында футболдан және гимнастикадан халықаралық турнир өтеді. Спорт бәсекесіне жасөспірім спортшылар қатысып, шеберлігін шыңдайды.

«Astana CUP» турниріне 2013 жылы туған жасөспірім футболшылар қатысады. Онда «Астана», «Ақтөбе», «Ақсу», «Оқжетпес», «Тараз» футбол клубының және Мәскеудің «Спартак», Ташкенттің «Бунедкор» және Бішкектің «Дордой» командасының тәлімгерлері бақ сынады.

Халықаралық турнир Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен және №8 ма-

мандандырылған спорт мектебінің ұйымдастыруымен өтеді.

Ал көркем гимнастикадан «Alem cup» халықаралық турнирі «Qazaqstan» жеңіл атлетика спорт кешенінде өтеді. Онда Египет, Корея, Қырғызстан, Беларусь, Қазақстан ұлттық құрамасынан әлемдік федерацияның лицензиясы бар гимнастар өнер көрсетеді. Оған 2008 жылы туған

және одан үлкен, 2009-2010 жылы туған және одан кіші санаттағы спортшылар қатысады. Қатысушылар топтық жаттығуларда да бақ сынады.

Байрақты бәсеке Астана қаласы әкімдігінің, Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің және Қазақстандық гимнастика федерациясының қолдауымен өтеді.

Дайындаған Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

АРДАГЕРЛЕР ҮЛГІСІ

Қазақстан ардагерлері волейбол федерациясының кубогы үшін өткен турнир өз мәресіне жетті. Астанада үш күнге ұласқан жарысқа өңірлерден 26 команда келді.

Республикалық волейбол ардагерлері федерациясының президенті Әсет Әділханның сөзінше, турнирдің байрағы бесінші рет көтеріліп, биылғы турнир Қазақстанның еңбек сіңірген спорт қайраткері және Паравoleyбол федерациясының президенті Дүйсенбай Тұрғановтың мерейтоймен қатар келді.

Салтанатты іс-шараға Астана қаласы әкімінің

орынбасары Есет Байкен, Сенат төрағасының кеңесшісі Ернар Жаркешев, Қазақстан волейбол федерациясының вице-президенті Амандық Баталов, «Буревестник» волейбол клубының президенті Амангелді Шабдарбаев, «QazaqGaz» ұлттық компаниясының президенті Санжар Жаркешев арнайы қатысты. Турнир қатысушылары мен қонақтары Қазақстанның

тұңғыш ғарышкері Тоқтар Дүбәкірөвке және даңқты волейболшылар Төлөнді Ахмеджанов пен Бақытжан Байтөреөвке ерекше ілтипат білдіріп, құрмет көрсетті.

Ел көлемінде және елорда ардагерлер волейболы қарқынды дамып келеді. Осыдан 25 жыл бұрынғы 40-45 жастағы волейболшылар ардагерлер санатына қосылып, шеберлігін

жастарға үлгі етіп келеді. Бүгінде 60-70 жастағы ардагерлер ширақ қозғалып, ойындар тартысты әрі қызықты өтті. Әсіресе 80 жасқа келген Төлеген Байзақовтың ойынына жанкүйерлер риза болды.

Ерсұлтан БЕКТҮРҒАНОВ, Сарыарқа-Астана клубының президенті

